

Халық сөзін сөйлеген

Құрметті Жетісу облыстық қоғамдық-саяси «Jetisy» газетінің ұжымы!

Сіздерді ұнжарияның 105 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, үй іші үйелмендеріңізге есендік, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға мол табыс, істеріңізге ілгерілеушілік тілеймін!

Жасы ғасырдан асқан санаулы газеттің бірі – «Jetisy» жарық көрген күнінен бері көптеген өзгерістер мен жаңарулардың куәсі болды. Алғашында еңбекші халықтың сөзін сөйлеген басылым бүгінде Жаңа Қазақстанның жан жадыратар жаңалығын жалтақ жұртқа жайып, өз аттас өңірдің қуанышына ортақтасып келеді. Қуаныштарыңыз бен жағымды жаңалықтарыңыз көп болсын!

Құрылғанына 1 жыл толған Жетісу облысына ғана емес, кең-байтақ еліміздің барлық өңіріне таралатын басылымның оқырманы көп. Ертеректе кеңестік дәуірдің тынысын тап басқан газет Тәуелсіздіктің алғашқы шұағын қуана қарсы алып, заман қойған талаптардың үдесінен шыға білді. Қазіргідей ақпараттық тасқын жылдам өзгерген кезеңде оқырманның көңілінен шыға білу асқан қажыр-қайрат пен қарым-қабілетті қажет етеді. Қуаты сарқылған талай басылым шықпай жатып жабылып, тиражынан айырылып жатқаны жасырын емес. Ондайда аймақтық газеттердің ішінде «Jetisy»-дың жұлдызы биік көрінеді. Оған қарапайым оқырманды габрат пен гұрыпқа, өнеге мен даналыққа шақырған тілшілерінің ойтолғанысы әсер етеді. Расында, қаламгердің бақыты осы.

Уақыт сынына төтеп беріп, қазақстандық мерзімді баспасөздің абыройын асқақтатқан еңбектеріңіз жана берсін!

Мәлік ОТАРБАЕВ,
ҚР Президентінің кеңесшісі

● Форум



Ауыл әйелдеріне мол мүмкіндік

2

● Қайрат ӘЛІМБЕК – 60



Жырға айналған жампоз

3

● Туған топырақ



Шаған шыңы шақырды

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90



Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.7-su.kz Jetisu2002@mail.ru

№70 (19209)

senbi, 17 маусым, 2023 жыл

■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады.

✓ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ

Жетісу облыстық мәслихатының кезекті IV сессиясы өтіп, облыстың 2022 жылға арналған бюджетінің орындалу нәтижесі талқыланды. Сондай-ақ, облыстың әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындауға және облыста ауыл шаруашылығы жаңуларын жау қағидаларына дауыс берген мәслихат депутаттары өздерін толғандырған сауалдардың шешімін қарастырды.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев, облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан алқалы жиында облыстық қаржы басқармасының басшысы Жанар Керімбекова баяндама жасап, былтырғы көрсеткіштерді таныстырды. Оның айтуынша, былтыр облыс бюджетінің бекітілген кіріс және шығыс жоспары 352,5 миллиард теңге болды. Жыл ішінде 4 рет бюджетке нақтылау жасалып, 13 рет түзету енгізілді. Соның әсерімен бюджет көлемі 357,4 миллиард теңгені құрады. Соған сәйкес республикалық бюджеттен жоспарланған 180,4 миллиард теңге субвенция мен 115,1 миллиард теңге нысаналы трансферттер толығымен түсті. Сондай-ақ, 24,6 миллиард теңгеге жоспарланған меншікті кірістің нақты түскені 15,2 миллиард теңге болды. Облыстарды бөлу кезінде Алматы облысынан қасалық түсімдерді көшіру арқылы 12 миллиард теңге бос қалдыққа түсіп, меншікті кірістер 27,2 миллиард теңгеге жетті.

Облыс бойынша бюджеттің орындалуы 98,3%-ды құрап, 13,2 миллиард теңге игерілмеген. Оның 7,4 миллиард теңгесі аудан, қала бюджеттері бойынша, 5,8 миллиард теңгесі меншікті облыстық бюджетке тиесілі. Игерілмеген 5,8 миллиард теңге түрлі себеппен



ҚАРЖЫ ТИІМДІ ИГЕРІЛСІН

қалыптасқан. Атап айтқанда, құрылыс басқармасы бойынша 2437 миллион теңге Сарқан ауданы, Бірлік ауылы мен Талдықорған қаласындағы 2 мектеп құрылысының жобасына түзету енгізуден, Көксу ауданындағы Қазақстанның 10 жылдығы, Бесқайнар, Ақсу ауданындағы Саркүрес, Сарқан ауданы, Теректі ауылдарындағы орта мектептер мен Үштөбе қаласындағы К. Тоқаев мектебіне жүргізілген құрылыс жұмыстарының актілері болмағандықтан, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылында емхана мен стадион, Алақол ауданы, Бескөл ауылында спорт кешенін, Ақсу ауданы, Алтынарқы ауылында медпункт, Сарқан қаласында орталық стадион, Алақол ауданы, Лепсі ауылында денешынықтыру-сауықтыру кешенін салудың актілері болмағандықтан берілмеген.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша 1575,6 миллион теңге Ескелді ауданындағы Көкжызық, Теректі, Қаратал, Матай Байысов ауылдарына, Текелі қаласына, Қаратал ауданындағы Орта-

төбе, Тастөбе ауылдарына, Көксу ауданындағы Мұсабек, Амангелді, Екпінді ауылдарына газ жеткізу жұмыстарының кемшілігінен жинақталған.

Мұндай қалдықтар жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, білім, ауылшаруашылық, қоғамдық даму, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт басқармалары мен облыстық полиция департаментіне де тиесілі.

Осылайша игерілмеген қаржының есебін берген қаржы басқармасының басшысы Жанар Нұрқыдыркызының баяндамасынан соң облыстық мәслихаттың депутаттары Ермек Егінбаев, Бениамин Файзуллин, Ризван Сакинов, Секенбай Шенгелбаев, Елдос Баялышбаев өздерін толғандырған сауалдарды жолдап, өңірдің өркендеуіне қажетті ұсыныстарын ортаға салды.

Одан соң тақырыпқа қатысты облыстық тексеру комиссиясының төрағасы Ардақ Токбергенов баяндама жасап, өңірдегі жұмыстардың нәтижесімен

таныстырды. Оның айтуынша, Алматы облысының құрамынан бөлінгеннен кейін үлкен салық төлеушілер ретінде тіркелген кәсіпорындар мен Алматы қаласы маңында тығыз орналасқан аудандар бөлініп қалғандықтан Жетісу облысының меншікті кірістері немесе салықтық түсімдер 9,7 есеге, салықтық емес түсімдер 3,1 есеге азайған. Соныңмен қатар бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджет қаражатын толық және тиімді игермеуінің бірден-бір себебі қаржылық жыл ішінде игеруге мүмкіндік жоқ сомаларды басқа мақсаттарға бағыттамай игерілуін жылдың аяғына қалдыруы басты себеп болған. Биыл 1 қаңтарда облыстық бюджеттің дебиторлық қарызы 1 937 212,3 мың теңгеге немесе 10 есе ұлғайып, 24 бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша 2 139 565,7 мың теңгені құраған. Оның ішінде өткен жылдардан жалғасып келе жатқан дебиторлық қарыз 202 353,4 мың теңге.

(Соңы 2-бетте)

✓ ЖӘДІГЕР

ЖЕР АСТЫНАН ТАБЫЛҒАН «JETISY»

Қат-қабат жұмыс, сан мың сөзден тұратын жазбаларға санаң көміліп, ой омартаңнан нәрлі тіркестенуе сықпалап отырған да жүректі дір еткізетін жаңалық есту де қызық қой. Дегенмен де 105 жылдық сұрлеу-сүрдек түзген қасиетті «Jetisy» газетінің қуғын-сүргін құрбанының қойнынан табылуы біз үшін оңай жаңалық емес екен. Әп-сәтте жанарына ып-ыстық жас келеді. Кемерінен тасып, кемеліне келіп толқи жөнелген көңілді басып, атқақтаған жүректі сабасына түсіре алмай бөлме кезіп сабылып кетеді екенсің.

Асыл СҮЛТАНҒАЗЫ

Иә, Талғар ауданына қарасты Жаңалық ауылы маңында жүріп жатқан қазба жұмыс барысында қуғын-сүргін құрбандарының сүйегі табылыпты. Шерлі заманның қанқұмар шеңгелінен құтыла алмай, қорғасын оқтан жан үзген бақандай 20 қазақтың сүйегі аршылған. Мұның ішінде бір құрбанның жанқалтасынан біздің газеттің қиындысы шыққан екен. Мұны редакцияға сол өңірдегі Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің меңгерушісі Мейіржан Мұсабаев хабарлаған еді. Сол сәтте газет журналистері бөлмеден бөлмеге шапқылап, бір орында байыз таппай кеттік.

«Жығылғанды сүрінгендей ете білерлер бар» деп Асқар Сүлейменов айтқандай, мұндай тарихи сәтте қандай сезіммен толқығаныңды ажырата алмай қалады екенсің. Бастапқыда репрессия құрбанының



қалтасынан табылған «Сталин жолы» газеті үшін марқайып қалғанымызбен артынан хат таныған, қазақтың күнделікті саясатын «халықтың көзі, құлағы ғәм тілі» болған басылым арқылы біліп отырған Алаштың бір ардақтысы газет құшақтаған күйі жан қиыпты-ау деп шерлендік.

Рас, екіұдай сезімде болсақ та мұндай жаңалықты оқырманға жеткізу мақсатында Мейіржан Мұсабаев атты бауырымызға хабарласып, мән-жайды толығымен сұрастырдық. Телефонның арғы жағынан: «Құрбандарымыздың сүйегін аршу мақсатында жүргізілген қазба жұмысы нәтижесінде 20 мәйіт қазылды. Солардың арасынан бірқатар зат табылды. Біреуінде темекі мүшгегі, екіншісінен теңге табылса, бір құрбанның жанқалтасынан «Сталин жолы» газетінің қиындысын ұшырастырдық», – деп мәлімдеді. Қазба жұмысымен айналысқан Досбол есімді археологтың да қалта телефонын берген. Алайда, ол кейіпкермен тілдесе алмадық.

Жан жүректі шымырлатқан жаңалықпен қанығып, ватсап желісі арқылы жолдаған газет қиындысына зер салдық. Мұнда латын әрпімен жазылған «күнде шығады», «1938-жыл», «4-бет», деген жазулар анық көрініп тұр. Сол жылдары бүгінде ғасырдан астам тарих түзген газетіміз ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиімен басылғаны белгілі. Осы орайда тарихқа шегініс жасап, газетіміз туралы жылнамалық жазбадан дерек келтіре кетуді жөн санадық.

«Jetisy» қазақтың астанасы болған Алматы қаласында шықты. Одан бергіде сан рет атауы ауысып, бірде «Жетісу ішкі халық мұхбiрi», бірде «Көмек», «Кедей еркі», «Тілші» аталып келген. 1935-1953 жылдар аралығында «Сталин жолы» атауымен жарық көрген басылым негізінен астаналық газет ретінде аптасына 5 рет оқырманға тарап тұрған. Латын әліпбиімен басылған газет ең бір қиын кезеңдерде де жарық көрді. Жаппай қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс осы «Сталин жолы» тұсында орын алды. Мұның алғашқы санына Хасен Өзденбаев редакторлық етсе, өз кезегінде талантты әдебиетші, аудармашы Жақан Сыздықов та басшылық еткен. Ұлт қаймағының бірі Ораз Жандосов та газетке қолтаңбасын қалдырған.

Міне, осындай тарихи кезеңдерді бастан өткеріп, биыл 105 жылдығын атап өткелі отырған газетіміздің қуғын-сүргін құрбаны қалтасынан табылғаны да ерекше жаңалық болғанын жасыра алмаймыз. Бұл, біріншіден, мерекеге тарихи тарту секілді көрінгенімен, екіншіден, осыншама зиялыларды солақай саясаттың қорғасын оққа таңғаны, қағаз жастанып, кітап кемірген қаймақтарымыздың газет құшақтап өмірден өткені жанға салмақ салатыны да рас. Дегенмен, арыстардың қолтаңбасы қалған, Алаш қайраткерлері жаппай қалам тартқан газет үшін бұл да ғасырлық жылнамаға қосылған бір тарау, ерекше дүние екенін мойындаған жөн. Ендеше, қазақтың болашағын ойлап күн қалғмай, түн кірпік ілмей өткен кешегілердің сара жолынан жаңылмай, өзіңіздің «Jetisy»-ыңызбен бір болыңыз, алдияр оқырман!

ҚАРЖЫ ТИІМДІ ИГЕРІЛСІН

(Басы 1-бетте)

Аудит саласындағы есепті таныстырған тексеру комиссиясының төрағасы облыстық басқармалар мен департамент басшыларына мемлекет қаржысын тиімді пайдалануды тапсырды. Осыған орай мәслихат отырысында қаралған бірінші мәселе – «Жетісу облысының 2022 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы» есепті бекітуге дауыс берген депутаттар күн тәртібіндегі екінші мәселе – облыстың әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындауға бірауыздан қолдау танытты.

Сессия отырысында қаралған үшінші мәселе – облыста ауыл шаруашылығы жануарларын жау қағидаларын белгілеу бойынша есеп берген облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Нұрәулет Кененбаев қағидалар «Экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық этика мәселелері» бойынша тұрақты комиссияның отырысында қаралып, мақұлданып алға тартып, халық қалаулыларынан қолдау сұрады. Көтерілген мәселеге депутаттар түгел дауыс беріп, бірауыздан қолдау танытты. Облыстық мәслихаттың кезекті IV

сессиясын қорытындылаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев:

– Бүгін сіздерге 2022 жылға арналған облыс бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіту ұсынылды. Рахмет, бюджетті бекіттіңіздер! Кеіше облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларында бірқатар мәселелер жөнінде әңгіме болды, біраз сұрақ туындады. Бүгін де сұрақтар қойып жатырсыздар. Меніңше, бұл өте дұрыс, – деп ел мен жердің өркендеуіне қажетті салаларды қаржыландыру мәселесі назардан түспеуі керектігін атап өтті. – Біз бұдан кейін де бюджет мәселесінде сіздермен ашық жұмыс істеуге міндеттіміз. Кез-келген сұрақтарыңыз, күмәнді нәрселер болса тұрақты комиссия отырысында немесе мәслихат сессиясында ашық айтты, жария талқылап отыруымыз керек. Негізгі мақсатымыз – бюджеттің ақшасын тиімді игеру. Сол себепті, облыс бюджетінің тиімді әрі дұрыс жұмсалып әрбір депутат мұқият қадағалауы қажет. Сол арқылы аудандық, қалалық мәслихаттардың депутаттары өз белсенділігін көрсетуі керек. Өйткені, бюджеттің әрбір тиыны мақсатты әрі тиімді жұмсалыуы тиіс.

Алда істегенімізден істейтін ісіміз көп. Мысалы, былтыр өнеркәсіпте 1,3%-ға, ауылшаруашылығында 2,4%-ға,

құрылыс 4,3%-ға, тұрғын үй 8,8%-ға, инвестиция 16%-ға, сауда 30%-ға өсті. Нәтижесінде халықтың орташа табысы 14,8%-ға өссе, орташа жалақы 15,4%-ға көтерілді. Облыстық бюджеттің атқарылуы «Нұрлы жол», «Еңбек», «Ауыл бесігі», «Нұрлы жер», «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» мемлекеттік бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды. Бұдан басқа қаражат азаматтық қызметшілердің жалақысын арттыруға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті көрсетуге және жергілікті бюджеттердің қамтамасыз етілу деңгейін теңестірілуге бағытталды.

Есепті жылы аталып көрсетілген кемшіліктерге жол берген бюджеттік бағдарлама әкімшілері алдағы уақытта жоспарланған бюджет қаражатын тиімді жұмсау және бюджеттік бағдарламалар көрсеткішіне қол жеткізу бойынша сіздермен нақты жұмыс істейтін болады.

Сессия отырысын қорытындылаған облыс әкімі халық қалаулыларын бірлесе жұмыс істеуге, қоғамда әділдік, адалдық, шынайылық, жанашырлық ұғымдарын қалыптастыруға шақырды. Жиынды облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Тойлыбаева түйіндеп, көпшілікке ризашылық танытты.

Еліміздің өркендеуін, жеріміздің көркейгенін жалпақ жұртқа жариялап, қалың оқырманның көңіліндегіні тап басқан жүрген Жетісу облыстық қоғамдық-саяси «Жетісу» газеті Қазақстан Республикасында ертеден шығатын басылымның бірі. 1918 жылы алғашқы нөмірі шыққан күннен Қазақ елінің келешегіне керек жаңалықты жеткізудей жеткізіп келеді.

Жақсылықтың жаршысы

Өз басым басылымның 100 жылдық мерейтойына куә болғанмын. Облыс орталығы Талдықорғанды дүбірлетіп өткізген тойдың болғанынан болары қызық күндерге 5 жыл өтіпті. Бақандай 5 жыл. Көзге қысқа көрінгенімен ауыр да қиын күндерге толы жылдар. Коронавирус, карантин, Қаралы қаңтар. Осы жылдар ішінде оқырманна адалдық танытқан газет салынған шектеулерге қарамастан жарияланып, шалғайдағы оқырманға шынайы ақпарат жеткізіп отырды. Осының өзі тамыры тереңге тартқан бәйтеректің айналасындағы жас көшеттерге топырақ қосытып бергеніндей жанашырлық еді.

Қоғамдағы келеңсіз әрекеттің зардабы мен зиянын тап басып, ұлттың болашағына балта шабылар қадамды әшкерелеуден танбаған басылымның берері әлі алда. Ғасырдан асқан газеттегі сайдың тасындай іріктелген қыз-жігіттері әр сөзіне мұқият қарап, елді алағайдай бұлдірер қадамнан аулақ жүреді. Турасын айтқанда жақсылыққа сүйініп, жамандыққа күйінген басылымның жаңа жасы құтты болсын! Еліміздің ақпараттық кеңістігіндегі орныққан биігінде жарқырай берсін!

Ғалназар САРЫБАЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

✓ ФОРУМ



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНЕ МОЛ МҮМКІНДІК

Талдықорған қаласындағы «Атамекен» ҰКП ғимаратында Жетісу оңтүстік аймақтардағы ауыл әйелдерінің облыстық форумы өтті. Шара «Жасыл экономиканы қолдау және G-Global дамыту Коалициясы» ЗТБ, «Әлеуметтік динамика» қоғамдық қоры, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, «Атамекен» ҰКП өкілдері мен Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облыстары әкімдіктерінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Форумға ауылды дамыту бағытында алыстан ат терлетіп, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облысының түкпір-түкпірінен өздерінің ой-пікірлерін жеткізуге келген ең белсенді іскер қыз-келіншектер қатысты. Облыстардың мемлекеттік құрылымдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері де осы жиыннан табылды. Шақырылғандар алдымен Жетісу облысы кәсіпкерлері мен «Coca-Cola белестері» жеңімпаздарының қатысуымен ұйымдастырылған көрмені тамашалады. Онда азық-түлік өнімдері мен әртүрлі бұйымдар көпшілік назарына ұсынылды. Форум аясында елдегі ауыл әйелдерінің форумдары туралы бейнебаян көрсетілді.

Шара шымылдығын Қазақстан ауыл әйелдері форумын ұйымдастыру комитетінің төрағасы, IV, V, VI шақырылымдағы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Майра Айсина ашып, сөз сөйледі. Айтуынша, ауыл әйелдері форумының тарихы 2018 жылы Астана қаласында өткен алғашқы республикалық форумнан бастау алған. Елімізде 6 жылдан бері тұрақты ұйымдастырылып келе жатқан бұл шара коронавирус пандемиясы кезінде онлайн форматта өткен.

Өз кезегінде Жетісу облысы әкімінің орынбасары Рустам Әли сөз сөйлеп, ақ ниетін жеткізді. «Сіздермен оңтүстік аймақтардың ауыл әйелдерінің форумдарында жүздескеніме қуаныштымын! Жетісу облысы әкімінің

және өзімнің атымнан сіздерді Форумның басталуымен құттықтаймын! Сондай-ақ, осы шараның ұйымдастырушыларына алғысымды білдіремін. Бұл форум әйелдер бизнесінің дамуына серпін беріп, қоғамдағы әйел кәсіпкерлердің мәртебесін арттыруға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ, экономиканың табысты дамуының негізгі діңгегі болып, тиісінше халықтың өмір сүру сапасын арттыруға оң әсер ететін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бірлескен бастамаларды әзірлеу үшін жемісті алаң болатынына сенемін», – деді Рустам Әли.

Сондай-ақ, ол Жетісу облысы тұрғындарының 353 мыңы әйел болса, соның 193 мыңы ауылды жерлерде тұратынын, аймақта жыл сайын табысты кәсіпкерлер саны артып, ауылды жерде шағын бизнестің осуы үстінде екенін тілге тиек етті. Бүгінгі таңда аймақта 58 мың жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлікте еңбек ететіндердің 49%-ын әйелдер басқарады. Субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер түріндегі мемлекеттік қолдаудың арқасында ауылдағы көптеген әйел наубайхана, дүкен, балабақша, киім мен аяқ киім тігу және жөндеу, кондитерлік өнімдер өндіру, сүт өңдеу сияқты басқа да бағыттарда шағын цехтар ашқан.

Бұдан соң ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, Оңтүстік облыстар әкімдерінің орынбасарлары,

сондай-ақ, ҚР Ауыл шаруашылығы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және ҚР Ұлттық экономика министрліктері мен Халықаралық ұйымдар өкілдері өздерінің ізгі тілектерімен бөлісті. Басқосу барысында ауыл-аймақтардан жиналған кәсіпкер қыз-келіншектер де өздерінің ұсыныс-тілектерін ортаға салып, бір-бірлерімен тәжірибе алмасып, білім-біліктіліктерімен бөлісті.

Жиында ауылды тұрақты дамытып, әйелдер кәсіпкерлігін өркендету, жергілікті тұрғындарды өзін-өзі жұмыспен қамтып, жағдайды жақсарту, өмір сүру сапасын арттырып, ауыл мақсатына әл-ауқатын көтеру жайы сөз болды. Жеке кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығын өрістетуге, аталған салаға қолдау көрсетіп, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру, сондай-ақ, жергілікті деңгейде 2030 жылға дейін тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды ілгерілету мәселесі де әңгіме өзегіне айналды.

Түстен кейін форум қатысушыларына бизнес негіздері, фермерлік дағдыларды дамыту және кооперация бойынша тренинг ұйымдастырылды. Айта кетейік, биылдан бастап бұл форум көшпелі түрде өтіп, еліміздің Батыс, Шығыс, Орталық және Солтүстік аймақтарын тұтас қамтымақ. Қорытынды шара – ауыл әйелдерінің VI республикалық форумы Елордада өтеді. Оған дейін аймақтық мәселелер осындай ашық диалог алаңдарында талқыланып, алдағы мақсат-міндеттер айқындалады.

✓ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Жаз жайнатып, күн күлдіріп

Облыстық әкімдікте кәметекке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли қатысты. Басқосуда жазғы демалыс маусымы мен бала қауіпсіздігі мәселесі қаралды.

Жетісу облысында жыл басынан бері жасөспірімдер жасаған қылмыс 69 пайызға төмендеген. Десе де балалар арасында жасалатын қылмыс түрлері әлі де азаймай тұр. Мамандардың айтуынша, жасөспірімдердің қылмысқа баруына бірден-бір себеп – бос уақыттың көптігі. Сондықтан, құқықбұзушылықтың алдын алу үшін бірқатар шаралар қабылдау керек. Мәселен, облыста жазғы демалыс маусымында арнайы 9 лагерь жұмыс істейді. «Оқушыларды демалыс лагерьлеріне жіберіп, демалысын көңілді өткізу керек», – дейді мамандар.

– Кеңестіктерді жөндеп, арт спорт арқылы секцияларды ұйымдастыру керек. Келесі бір мәселе, табиғаты керемет Көкөтебе ауылы сияқты жерге жаздық лагерь ұйымдастыру қажет. Қаражат бөлінді, мүмкіншілік бар. Соны сапалы игеруіміз керек, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Осыдан кейін облыстық ТЖД бастығының

орынбасары Игорь Жуков: «Бүгінгі отырыста балалардың қауіпсіздігі мәселесі қаралды. Өздеріңіз білетіндей, облыс аумағында аптап ыстық ерте басталды. Осы сәтті пайдалана отырып, ата-аналарға балалардың қауіпсіздігіне назар аударуын сұраймыз. Алкогольді сусындар бар жерде балаларды жалғыз қалдырмаңыздар. Тексерілген демалыс орнына ғана баруларыңызды сұраймыз», – деді.

Жиында бала қауіпсіздігіне ден қою керектігі айтылды. Осыған сәйкес төтенше жағдайлар департаменті білім ошақтары мен қоғамдық орындарда сақтық шараларын ұйымдастыруда. Нәтижесінде 265 мекеме тексеріліп, 3000-нан аса қауіпсіздік талабы бұзылғаны анықталды.

Айта кетейік, 2 маусымнан бастап балалардың жазғы демалысы үшін арнайы оқу-сауықтыру орталықтары жұмысын бастады. Бүгінде 200 бала Текелі қаласында, 45 оқушы республикалық орталықта демалуда. Олардың қауіпсіздігі үшін арнайы мамандар бекітілген. Жалпы, биыл 103 мыңнан аса бала жазғы демалысын түрлі орталықтарда өткізеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

✓ БРИФИНГ

Мопед мінгендер неге мән беруі керек?

IT-технология. Смарт-сити. Киберәлем. Біздің бағыт осы. Қаласаң да, қаламасаң да осы. Барам деп бармайсыз, мәжбүрлі барамыз. Өйткені әлем сонда барады, адам сонда болады. Қалыс жүргендер оқшау қалады. Өрлемейді. Өркендемейді.

Дастанбек САДЫҚ

Қазіргі өркениет – сандық технология. Донғалақ пен іштен жану двигателінің жаңалық болудан қалғаны қашан. Алуан-алуан «жемісі», қыруар-қыруар «егісі» бар IT көш келгелі кәдімгі тұрмыс та өзгерді. Күнделікті қатынас құралының сан алуаны бар қазір. Жанармай құймай-ақ диттеген жеріне жеткізетін «темір тұлпардың» талайы далада да жүр, қалада да жүр. Біздің айтпағымыз, электр қуатымен жүретін мопед, скутер, самокаттар жайында. Осы тұрарында Жетісу облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Қайсар Мұхметов тілшілермен кездесіп, жаңа көлік құралымен жүрудегі қауіпсіздік пен жауапкершілік жайында сөз қозғады.

Жаңашылдық деген жақсы. Бірақ тиынның екі бетіндей кез келген жаңалықтың бір кем дүниесі болады ғой. Кемшіні түс – адам өмірінің қауіпсіздігі. Көз көріп жүргендей, электр қозғалыс құралын көбіне жастар және балалар қолданады. Ересектер де пайдаланады, бірақ қоғамның бұл санаты аса көп тұтынбайды. Сағатына 50-60 шақырым, тіпті 100 шақырымды өңкеретін мұндай көліктермен жүру үлкен жауапкершілікті талап етеді.



Жуырда Парламент Мәжілісінің депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын талқылап, қабылдаған еді. Соған сәйкес электрлі скутерлер мен самокаттарды пайдаланудың тәртібі заңмен бекітіліп, бұл құрылғылар көлік құралдары қатарына жатқызылды. Ендігі ретте мопедтер мен оған теңестірілген көлік құралдарын 16 жастан асқандар ғана, оның ішінде басқару құқығы бар азаматтар ғана қолдана алады.

Жиында құзырлы орган басшысы мопед, скутер, самокаттар көлік құралына жатқызылғанмен сиввей, гироскутер, монокол сынды бұл санатқа кірмейді. Ені мен ұзындығы 50 сантиметрден аспайтын электр батареяларымен жүретін құрылғылар көлік құралы емес. Дегенмен, мұндай құралды жүргізушілер де жаяу жүргіншіге жүктелген жауапкершілікті сезінуі тиіс әрі сақтауы керек. Ал атаулы санатқа кіретін электрлі құрылғыларға талап басқа. Электр скутер, мопед жүргізушілері велосипед жолағымен, ол болмаған жағдайда маршруттық көлік жолағы бойымен жүреді. Электр скутерлерді қайда және қалай пайдалану керекін жіпке тізген моншақтай

баяндаған Қайсар Мұхметов электр скутерлер турасында заңнамадағы жайларға тоқталды. – Қазір негізгі заңнамалар ережелерді қатандатуға, тіпті тротуарларда электр скутерлерінің қозғалысына тыйым салуға алып келеді. Біз де ұзақ уақыт бойы пікірталас жүргіздік, нәтижесінде тротуарлардағы қозғалысқа рұқсат етілсін деген қорытындыға келдік. Бірақ жылдамдықты шектеу 6 км/сағ. аралығында болуы керек. Бұл режимге сәйкес адамдар көп жүретін жерлерде немесе жүргізуші тәжірибесіз немесе көлік жүргізетін бала болса, жаяу жүргіншілер режимін нөлден 6 км/сағ.-қа дейін пайдалану ұсынылады. Келесі режим 15 км/сағ. – қа дейін стандартты, ал 25 км/сағ.-қа дейін спорттық. Біз бұл жылдамдықты тротуарлардағы электр скутерлерінің қозғалысын шектеу ретінде ұсындық, – деді баяндамашы.

Адам ақыл-ойының жемісі ешқашан қауіп-қатер тудырмауы керек. Ата Заңымызда көрсетілгендей, елімізде адамнан құнды ештеңе жоқ. Жетісу облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Қайсар Мұхметов адам қауіпсіздігі бірінші орында екенін, сол үшін

✓ Қайрат ӘЛІМБЕК – 60



ЖЫРҒА АЙНАЛҒАН ЖАМПОЗ

жетісулықтар ақынын ардақтады

Телегей теңіздей толқып, тасып жататын алып кеудесіндегі сан мың құбылысты қағазға мөлдірете түсіріп, асқар арманын аядай жүрегіне сыйдыра алмай кеткен қаншама талант-тақсырлары бар. Олардың арғы бастауындағыларды атамай, бір ғана Мағжан Жұмабаевтан бергі ақындарды тізбелейтін болсақ, ердің жасы елу, асқаралы алпысты көрмей қырықтың ішінде қыршын кеткен сан мың дарын иесінің есіміне, зерлі жырларына қанығамыз. Дария кеудесінің түкпіріне маржан бұққан дара ақындар шоғырында кереқарыс маңдайлы, кең иықты, өткір жанарынан жасын ойнатқан, сабаздығы мен тауларға тән маңғаздығы бар, жырлары намыстың найзағайындай бойдағы рухты алаулататын Қайрат ӘЛІМБЕК есімі көзге жылыушырайды.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Қазақ әдебиетінің «алтын көпірі» саналған ХХ ғасыр ақын-жазушыларының санатындағы Қайрат Әлімбектің ел руханиятынан алған орны ерек. 43 жасында жарық ғаламнан жанар тайдырған, соңына өлмес-өшпес мұра қалдырған бұл талант тірі болғанда биыл асқаралы 60 жасын елімен тойлап жататын еді. Амал нешік, жазмышына жазылған жылдарын өткеріп, саналы ғұмырын журналистика мен ақындыққа арнаған асыл болмысты елі сағына еске алуда. Мерейтойын соңындағы ұрпағы мен көзкөрген достары, қаламдастары мен қарақан басын кадрлеп хандай тұтқан қаламгер ағалары, өзі «курстастар – дұрыс достар» деген жолдастары, жалпы жетісулықтар ерекше атап өтті.

Ардақты ақынның 60 жылдық мерейтойы алдымен өзінің жалынды жылдары өткен, бүгінде манат топырағына мақпал тәнін төсеген жері – Қаратал ауданында зиярат ету рәсімімен басталды. Жылыбұлақ ауылындағы ақын зиратына еліміздің түкпір-түкпірінен келген зиялы қауым өкілдері мен жетісулық қаламгерлер барып Құран бағыштады.

Кешегі беззат болмыс бүгінгі тарих екені көпке аян. Қаламы мен бойдағы талант қуаты арқылы еліне рухты жыр арнап, лирикалық толғамдары арқылы адамгершіліктің, ізгілік пен мейірбандықтың қаншалықты асыл қасиет екенін айшықтай білген Қайрат Әлімбектің тірісінде тұтқан бұйымы мен пайдаланған заттары екінің жырлары іспетті жәдігерге, мұраға айналып сала берді. Ақынның біршама бұйым-киімі, заттары, алған марапаттары мен сарғайған газет беттеріндегі кесек-кесек жазбалары қойылған музей бұрышы да мерейтойға орай салтанатты түрде ашылды.

М. Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейіне құрметпен орнатылған «Ғазалғұмыр жарқылы» атты музей бұрышының ашылуына зиялы қауым өкілдері қатысты. Әуелі ақынның курстас досы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры Аязби Бейсенқұлов сөз алып, салқамдық пен сырбаздықтың, серіліктің жарқын үлгісін көрсеткен, адамгершіліктің аяулы тұғырынан танбаған қаламы қуатты досының әр заты көзге оттай басылғанын, әрбір дүниесі тарихқа, жәдігерге айналғанын тебірене тілге тиек етті. Өз кезегінде Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов та жарқын жылдар жаңғырығын толғамамына тақырып етті. Ал Қазақстанның Құрметті журналисі, Алматы облысының Құрметті азаматы Жақыпжан Нұрғожаев пен ҚР Мәдениет қайраткері Бейсенбай Сүлейменов музей бұрышының лентасын қиды.

Мен қазақтың ұлымын,
Ұлы дала болған менің тұғырым.
Ғасырлардың дауылымен алысым,
Жетісуда өтті менің ғұмырым, – деп өзі жырлағандай, туған жерінен тамыр үзбей, Алатау мен Алақол, Аспантау мен Аяғөзге дейін созылып жатқан ұлы атырабында ақық өлең өрістетіп ғұмыр кешкен Қайрат Әлімбектің «Жоқ іздеген жігіт» кітабының тұсаукесер салтанаты өтті.

Б. Римова атындағы Талдықорған драма театрының дәлізінде өткен рухани шарада ҚР



еңбек сіңірген қайраткері, профессор Уәлихан Қалижан мен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Иса жана жинақтың тұсаукесер рәсімін өткерді. Сондай-ақ, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, талантты ақын Маралтай Райымбекұлы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, республикалық «Абай» журналының бас редакторы Мұратбек Оспанов, С. Бердіқұлов атындағы сыйлықтың лауреаты, ақынның досы Бекен Нұрахметов сөз алып, қазыналы кеудесінен қара өлеңнің саф алтыннын сапырған шайырдың қаламгерлік қуаты, ақындық айбыны, адамгершілік болмысы мен қасиеті туралы толғанды.

Иә, осындай ғажайып шаралармен өрнектелген мерейтой өз кезегінде Б. Римова атындағы Талдықорған драма театрының сахнасында жалғасын тапты. Онда әуелі «Жетісу» телеарнасының шығармашылық ұжымы дайындаған деректі фильм көпшілік назарына ұсынылды. Ақынның өмір жолы, шығармашылық сүрлеу-сүрдегі жайлы ел ағаларының, қаламдас достарының, әдебиет бірегейлерінің естеліктері айтылып, ақынның студенттік кездегі рөлі сомдалды. Әсерлі фильмнен кейін алғашқы болып аталмыш тойдың өтуіне тікелей мұрындық болған ақынның досы, курстасы, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев сөз алды. Әуелі дарынды ақын, қарымды журналист, Жастар сыйлығының лауреаты Қайрат Әлімбекті еске алуға арналған шаралар бүгін өскен өлкесі Қаратал жерінде басталып, Талдықорғанда жалғасын тауып отырғанын, ақынның руханияттағы орнын айшықтаған аймақ басшысы:

– Біз Қайратпен ҚазМУ-де бірге оқыдық, бір бөлмеде тұрдық. Журналистика саласында 1980-ші жылдарда қатар қызмет еттік, үзеңгілес, пікірлес, дос-жолдас болдық. Қайраттың мінезі көпшілік, парасаты терең, бойында лапылдаған жалыны бар, арынды, адуынды, рухты азамат еді. Оның ойға ұтқыр, сөзге иешендігі, азаматтық болмысы, елжанды мінезі жырларынан айқын аңғарылып тұратын, – деп әуелі жылдардың нұрлы естелігін жаңғыртты. Ақынның асқаралы жасына орай айшықталған мерейтой қарсаңында атқарылған жайдарман істерді атап өтті.

– «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алын кемеңгерді» деп Илияс ақын айтқандай,

биыл жерлес ақынымызды еске алып, 60 жылдық мерейтойына орай тағылымды шаралар ұйымдастырғанды жөн көрдік. Келесі жылдан бастап Қайрат Әлімбекке арнап жыл сайын тұрақты түрде жас ақындардың шығармашылық байқауын өткіземіз. Бұл – ақын рухының жас таланттарды шабыттандыруға, шыңдауға шаарапаты тисе деген ниеттегі игі бастама. Осы сәттен бастап ақынның екінші ғұмыры – мәңгілік ғұмыры басталды дегуге болады.

Жетісу топырағы төл таланттарымен мақтанады. Соның бірі – Қайрат Әлімбек аз жасаса да мәнді өмір сүрді. Аз жасаса да саз жазды, тереңнен толғады, рухани ортаға құбылыс болып келді. Оның мұрасын насихаттау, сол арқылы қазақ руханиятының ортақ игілігіне айналдыру – біздің парызымыз, – деп ағынан жарылды. Руханияттың жанашыры, ақынның абзал досы Бейбіт Өксікбайұлының лебізінен кейін құйрықты жұлдыздай елін шұғылаға көміп кеткен дарынның өнегелі өмірі есті естеліктерге, жылы лебіздерге арқау болды.

Сонау 1963 жылдың 16-шы маусымында жазиралы Жаркент жерінде от жүрегін тулата өмірге келіп, аз ғұмырында «Сезімнің гүлі», «Жоқ іздеген жігіт-пі», «Намыс найзагері», «Махаббатстан» сынды бір-қатар кітабын оқырманға олжалаған талант-тақсыры қазақ журналистикасында да соны соқпақ салды. Ол көптеген басылымда қызмет етіп, тілшілік әлемін тіршіліктің тіні еткен бірегейлер қатарына енді. Әрбір жазбасы ойлы оқырманын толғандырмай қоймады. Қазіргі «Жас Алаш», 105 жылдық тарихы бар «Jetisy» сынды беделді басылымдардың беткеуістер қаламгері ретінде қазақ журналистикасына бір таланттай еңбек сіңірді.

Қасиетті Құранда айшықталған «Қалам және оның жазуына серт» деген аятқа адал болып, өмірде ізгілік пен адамгершілікті насихаттаған, іңкәрлік пен сезімді жырына астар еткен Қайрат Әлімбек тұрасында көптеген жылы естелік айтылды. Өзі еліктеген, пір тұтқан Мұқағалидай асқақ тұғырға ел болып қондыру керектігі сөз етілді. Сондай тебіреніске толы толғама толғағандар қатарында профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижан ақын шығармашылығына терең талдау жасап, «Лениншіл жас» газетінде жүрген жылдардағы ақынның журналистикалық қабілет-қарымы тұрасында сөз қозғады. Өз кезегінде зиялы қауым өкілдері, көрнекті қаламгерлер Жақыпжан Нұрғожаев, Бейсенбай Жолдасбекұлы, Қазыбек Иса ақын туралы лебіздерін жаудырты. Марғасқа Маралтай Райымбекұлы Қайрат Әлімбек ақынға арнаған кестелі жырын көпшілікке паш етті.

Қазақтың бірлігі мен берекесін, еркіндігі мен ерен қасиетін жырғымен насихаттаған шайырдың шырайлы кешінін өтуіне мұрындық болған курстастары сазгер досы Жүніс Ормашұлы әнін жазған «Нарынқол» әнін әуелетті. Өз кезегінде Жетісу жерінің өнерпаздары ақын сөзіне жазылған ғажайып әндермен өлеңсүйер көпшілікті сусындатты. Ал еске алу кешінде сөз алған Қайрат Әлімбектің ағасы Жұмағұл Әбдіраманұлы аяулы інісін сағына еске алып, жанарын жасқа шылап айтқан естеліктерімен көпшілікті толқитты. Таланттың Бейбіт Өксікбайұлы бастаған курстас достарына, ел азаматтарына Әлімбек әулеті атынан алғысын жеткізді. Өлеңін, өнерін кадрлеген елге ризашылығын білдірді. Ақынның немересі Абдрахман ата жолын қуған перзент екенін көрсетіп, арнау өлеңін оқыды. Көрермен жағры тұспардың тұяғы, асылдың сынығы болған ұрпағына сүйісін қарап, ақ батасын еске алу Қайрат ақынның рухын асқақтатқан ереке алу кешінен кейін ас беріліп, Құран бағышталды.

✓ ҚОҒАМ

ЗАҢНАМАҒА

«көз жұматындар» азайған

Жетісу өңірінде жыл басынан бері 2151 азамат «Халықтың көші-қоны туралы» заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Тиісті заңнамаға «көз жұмып» қарағандардың дені, яғни 1688-і ел азаматы, қалған 463-і шетелдік. Дегенмен, шетел азаматтарына қатысты қылмыс саны өткен жылмен салыстырғанда азайған.

Дастанбек САДЫҚ

Мәселен, 2022 жылдың алғашқы 5 айында шетел азаматтарына қатысты 26 қылмыс тіркелсе, биыл бұл көрсеткіш 42,3 пайызға төмендеп, атаулы санатта 15 қылмыс тіркелген. Есесіне, тиісті кезеңде ҚР ӘҚБТК сөйкес құқықбұзушылық жасаған 24 шетелдік сот шешімімен елден шығарылған. Өткен жылдың алғашқы бес айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 26,3 пайызға өсім бар. Былтыр 19 шетелдік елден алыстатылған еді. Осындай дәйектерді облыстық көші-қон қызметі басқармасының бастығы Ерлан Райымбеков Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында мәлім етті.

Басқарма басшысының сөзінше, жыл басынан бері шетелдіктердің қатысуымен 2 қылмыс жасалған. Өткен жылдың алғашқы бес айындағы көрсеткішке сүйенсек, елге сырттан келгендер 31 мәрте қылмысқа барған. Бұл сан биылғы көрсеткішпен салыстырғанда 15,5 есе аз. Ерлан Райымбеков мұның бөрі жүйелі жұмыстың нәтижесі екенін алға тартты. Өйткені өткен бес айда тиісті құрылым облыс аумағында «Мигрант» және «Заңсыз көшіп келуші» атты жедел-профилактикалық шараларын жиі өткізген. Құрылым басшысы көші-қон заңнамасын бұзғандарға 14,8 млн. теңге айыппұл салынғанын да алға тартты.

Жалпы, Жетісу өңірінде жыл басынан бері 4213 шетел азаматы тіркеліпті. Облысқа ТМД аумағынан көп қонақ келеді екен. Аталмыш аумақтан 3895 адам келген. Ал 318 шетелдік алыстан ат арыпты.

– Облыстың 33 737 тұрғыны жеке куәліктерімен және төлқұжаттарымен құжаттандырылды. Тұрғылықты жері бойынша 17 122 азамат тіркелген, тіркеуден 4 530 ел азаматы шығарылды. Жыл басынан бері 184 шетелдік Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаса, оның 137-і қандастар – деді Ерлан Райымбеков.

Басқарма басшысының айтуынша, ел азаматтығын 99 адам жоғалтыпты. Сонымен қатар, өткен бес айда 344 шетелдікке ел аумағында тұруға рұқсат беріліп, ықтияр хат берілген.

• Шежіре-керуен



1921 жылдың көктемінде «Кедей еркі» атауымен газетінің 25-саны басылды. 1600 данамен жарық көрген анталық таза қазақ тілінде шықты.

✓ Жыр арқауы – «Jetisy»

ҚАРА ШАҢЫРАҚ

(Үзінді)

Қара шаңырақ – қазақта киелі ұғым, Киесіне ұлтымыз ие бүгін. Тәсінен өрген текті тарпаңым деп, Ұлы Дала әр кезде сүйеді ұлын.

Қара шаңырақ мәңгілік алып дастан, Ұлы ұғымды маңдайға анық басқан. «Жетісу» – рухани шаңырағым, Қазақтың рухыменен қалыптасқан.

Ақиқат – ғасырларға жалғасқаның, Мінезін мойындатып марғасқаның. «Жетісу» жүрегіне жыр боп тұнып, Бұл күнде жарқырайды алдаспан үн.

Шежіресі рухани қара шаңырақтың, Жебе сөз боп засырап жалын аттың. Алаштың айбыны мен арда есімін, Сенің бар тарихыңнан танымақпын.

Хамит ЕСАМАН
Тараз қаласы



Тоқсаныншы жылдардың соңына қарай Талдықорған қаласы, бұл қатарға осы аттас облысты қоссақ та болады, не қиындық көрмеді дейсіз?! Сондай қиындықтар қосарлана келе, екіншіше қарай, қаншама жылдардан бері тоқтаусыз шығып келе жатқан облыстық «Жерұйық» газетін де жауып тынған болатын.

ҚҰТ МЕКЕНДІ ҚИМАДЫҚ

Бір ай емес, бірнеше жыл бойы газетсіз қалған жерұйық өлкеңіз тұрғындары «Жетісу» газеті көшіп келгенде қалай қуанғандары есімде. Салқар көш шаһарға ат басын тірегенде «Қоныстарың баянды болсын!», «Ұзағынан сүйіндірсін!» дегендей ақ тілектер тоқтаусыз ағылып еді. Сірә, сол тілектер періштенің құлағына шалынған болуы керек, Жетісудың өзегі саналатын Талдықорған аймағы басылым үшін құт мекенге айналды. Газет журналистері тұралап қалған аймақ экономикасына қан жүгірткен жаппай құрылыстың барысы мен өңір тіршілігін жандандырған басқа да жарқын жаңалықтарды күн құрғатпай жазып, қалың оқырманына сүйіншілеумен болды. Қос басылым («Жетісу» мен «Огни Алатау») тілшілерінің Алматыда шешімін таба қоймаған тұрғын үй проблема-


лары сол кездегі Талдықорғанда толықтай шешілді деуге болады. «Үй болмай күй болмайды» деген ақиқатты құлақтарына құйып өссе де жайшылықта «жантак жеп жүрген» журналистердің бірқатары жаңа салынған, енді бірқатары күрделі жөндеуден өтіп, су жаңа қалыпқа келген жайлы пәтерлер алып, көңілдерін демдеді. Жаңа қоныс, жайлы мекенде «Жетісудың» таралымы рекордтық деңгейде шарықтап, сол кездегі облыс әкімі Серік Үмбетовтің тұсында 55 мың данаға жетті. Сол әкімнің тұсында бүгінде «Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйі» деген құрметті атаққа ие болған Баспа үйін салу жайында шешім қабылданып, әлденеше мемлекеттік БАҚ, олардың арасында «Жетісу» мен «Огни Алатау» да бар, жайлы баспанаға ие болды. Материалдық қолдау шығармашылық шабыттың шарықтауына себеп болып, сол жылдары «Жетісу» Қазақстан Журналисти-

ка академиясының Алтын Жұлдызына, облыстық басылымдар арасында тұңғыш рет республикалық «Үркер» сыйлығына қол жеткізді. Бұл орайдағы жақсылықтар тізбегі «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінің 100 жылдық тойы өтіп жатқан кезеңде де жалғасып, мерейтой аясында әлденеше тілшіге пәтер кілті табысталды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, Жетісудың жауһар қаласы қос газеттің ұжымы үшін де жайлы қоныс, құт мекенге айналды. Осындай құт мекенге біржола тұрақтаған «Жетісу» Алматы облысының «Алатау арайы» газетіне өз ортасынан отау тігіп, бөлек шығарды. Бір ғасыр бойы «Жетісумен» жұбы жазылмай келе жатқан «Огни Алатау» газеті болса, айдынды көл жағасындағы Қонаев қаласына қоныс аударып, жерұйық өлке Талдықорғанда «Вестник Жетісу» деп аталатын жаңа басылым шаңырақ көтерді. Иә, түптеп келгенде «Алатау арайының» ұжымы «Жетісу» газетінің журналистеріне сыйлы әріптес қана емес, кеше ғана бір ұжымда бірге қызмет атқарысқан қимас дос, сыйлас құрбы, бауыр да болып келеді. «Алатау арайының» бас редакторы ақын Кәдірбек Құныпияұлы досым айтқандай, қос басылымның тарихы ортақ, тамыры бір, торқалы тойлары да ортақ қашанда. Ендеше тойымыз дәйім тойға ұласа берсін, ағайын!

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ, Қазақстанның Құрметті журналисі

АҚЖАРМА


– Алакөл атырабы қазақ халқын ел басына күн тұғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де ел-жұртың өзегін талдырған емес. Өнеркәсібі өркендеген, ауыл мен мал шаруашылығы дамыған Алакөлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі аурудың емі, балығының өзі республикаға танымал.



Кейінгі жылдары өңірде жаңа өндіріс орындары іске қосылып, шаруа қожалықтарының саны арта түскен. Тұрғындардың тұрмысы түзеліп, жағдайы жақсарды. Осы жайлы облыстың бас басылымы – «Жетісу» газетінде жиі жазылып жатқаны қуантады. Ал «Жетісу» газетіне келетін болсақ, аталған басылымды аудан жұртшылығы қызыға оқып келе жатыр десем, артық айтқандық емес. Тіпті, көптеген жерлесіміз «Жетісу» газетінде еңбек етіп, өркендеп, өсуіне үлес қосты. Бұл басылымның орны бөлек, тарихы терең, бағыты айқын. Газет тек мемлекеттік саясатты, облыста атқарылып жатқан бастамаларды, ел өркеніетіндегі жетістіктерді ғана жазып қоймай, сан тақырыпты қаузады. Оның ішінде ұлттық құндылық пен жастар тәрбиесіне қатысты жазылған мақалаларды аудан тұрғындары қызыға оқиды. Облыс бөлініп жатқан тұста баспасөз қызметіне де салмақты жүк түскені анық. Оқырман осы бір тарихи оқиғаларды да «Жетісу» газеті арқылы біліп отырды. Алдағы уақытта да оқырманының санын арттырып, баспасөзді қолдауға қашанда дайынбыз әрі 105 жасқа келген ата басылымның ғұмырлы болуына тілектеспіз.

Алмас ӘБДІНОВ, Алакөл ауданының әкімі

Мезгіле-керуел



2. 1918 жылдың 12 желтоқсанынан бастап газетінің айналы «Қомек» болып өзгертілді. Бұл кезде басылым айналына екі рет шығып, 1500 данамен тегін таратылды. «Қомек» сөзінің астында «сағси және қоралдық мұсылман-түрік бұқараларының газеті» деген сөйлем бар. Бұл газетінің басығы мен бағдарын айқындайтын көрсеткіш.

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Бір күні жұмыс бабымен іздеп келген көксулық азамат «Шаған тауындағы қасиетті бұлақтың басында тасқа түскен табан ізі бар екенін айтып қалды. Соны көруге аңсарым ауып жүргенде «Shagan Fest» фестиваліне шақырту келді. Қуана қабыл алдық. «Ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі біте ме?» деп Махамбет бабамыз айтқандай, көппен бірге осы сапарға аттанып кеттік.

Қажет АНДАС



ШАҒАН ШЫҢЫ ШАҚЫРДЫ

Алматы қаласы, Алматы мен Жетісу облыстарының жер-жерінен келген тауға жүріп жаттыққан спортшысы, фестивальге қызығушылық танытқан жастар бірлестіктерінің өкілдері, кабинеттен шықпайтын балтыр еті піспеген біз сияқты ақ жағалылар бар, 200-ден аса адам бірнеше автобуска бөлініп мініп, Талдықорған қаласынан таңғы 7-де Шаған тауына қарай жолға шықтық. Алғашқы тоқтаған жеріміз Көксу ауданы, Ақтекеше ауылының маңы болды. Ұйымдастырушылар мұнда киіз үй тігіп, шатыр құрып, плакаттарын іліп, шараның шырайлы болатынын көрсетіп қойыпты. Осы жерде біраз дамылдап, сапардың мақсаты мен маңызын түсіндірген кездесуден соң көпшілік Шаған тауының шыңына қарай жолға шықты. Ұйымдастырушылардың талабы бойынша, көпшілік Шаған тауының шыңына дейінгі 2551 метр биіктікті бағындыру керек және шың басына жаяу көтерілетіндіктен жеке қауіпсіздігіне өздері жауапты болады. Сондай-ақ, сапар басталған жер мен шың басының дәл ортасында суын ішіп, демалып аттанатын арнайы дайындалған орын және күтіп алушылар бар екені ескертілді. Өрт сөндіру, «Жедел жәрдем» және полиция көлігі оқыс оқиға орын алса немесе 7 жастан 70 жасқа дейінгі фестивальге қатысушылардың денсаулығы сыр берсе, дәл кезінде көмектесуге сақадай-сай тұрды. Басында топпен бірге топырлап жүре жөнелгенімізбен 1-2 шақырымды артқа тастағанда өкпеміз бен балтырымыз сыр бере бастады. Көңігі тауға шығушылар көз ұшына ұзып кетті де, біз сияқты жолдан қосылғандар жиі-жиі тоқтап, арт жағымызға жалтақтап қарай бердік. Бірақ «Ерді намыс өлтіреді» деген бар ғой. Көптен бөлініп, артқа қайтып кетуге тағы да жігіттіміз жібермеді. «Мың шақырымдық жорыққа, бір шақырымдық сапарға аттансаң да бес қаруың сай болсын» делінсе де, бұл жолғы сапарға дайындықсыз шыққанымыз сезіле бастады. Тау басына күре жолмен тарқандықтан бұта-бұрғанге көп талана қойған жоқпыз. Қысқа жең кейде, шолақ шалбар, басымызға

баскіім де кимегендіктен аптап ыстық ашық денемізді әбден аймалады. «Қап, тура тұр, осыдан қалаға бара сала тауға шығуға арналған киім-кешек, құрал-жабдықтарды сатып алмасам», – деп өзімді-өзім қайрап қоямын. Бірақ жол бойында туризм индустриясын өркендетумен қосымша айналысып жүрген қазақтың қыз-жігіттерімен танысып қалдым. Соның өзі де үлкен олажа болды деп түйдім. Соның бірі – Алматы қаласындағы №57 жалпы білім беретін мектептің физика пәнінің мұғалімі, Алатау тауларына барушыларға гид (экскурсия) қызметін көрсететін Жасұлан Жұмахан: – Туризм индустриясы жекелеген мүдде үшін емес, өлкеміздің көрікті жерлерін халық арасында насихаттау, шетелдік туристердің елімізге деген қызығушылығын арттыру мақсатына қызмет етуі керек. Осыған байланысты туризм саласындағы гидтердің атқаратын қызметі ерекше. Олар еліміздің тарихи және мәдени мұрасын, жергілікті жердің ерекшелігін, ұлттық ғұрып пен дәстүрін түсіндіріп, таныстыру мақсатында қызмет атқарады. Туристердің қауіпсіздіктері мен амандықтары үшін де баса жауапкершілік алады, – дейді. Әңгіме арасында атқарған жұмысын инстаграмдағы robody_kz парақшам арқылы білуге болатынын қосты. – Осыған дейін Жасұлан Мұратханұлының бастауымен Алатау тауларындағы Мәншүк Мәметова өзені, Мыңжылқы бөгеті, «Терра» жазығы, Үлкен Алматы шыңы, Үлкен Алматы көлі (Жосалы көлі), «Қайрақ», «Бұтақты сарқырамасы, Қара сарқырамасы, Богданович мұздығы, Титов шыңы, Фурманов шыңы, Букреев шыңы, Көкжайлау, Күмбел шыңы, Көне жапон жолы

және тағы да басқа көрікті жерлерді көріп қайттық, – дейді тағы бір жолсерігіміз, Алматы қаласындағы №38 М. Ломоносов атындағы Қазақ-Ресей мектеп-гимназиясының физика пәнінің мұғалімі Нұрила Үсенқызы. Қазақ жастарының осындай жалынды істерін естіген сайын жігерім таси түсті. Десе де аузым кеберсіп шөппеп, сүйенетін таяқ таппай, екі тіземді кезек ұстап, жиі-жиі демалып, ілбіп жүріп шың басына жеттік, әйтеуір. Бізден бұрын межелі жерге жеткендердің қарасы көп. Олардың қатарынан Жасұлан мен Нұрилан да көріп қалдым. Дегенмен, менен кейін де біраз адам шаршап-шалдығып шыңға жетті. Шың басында күтіп алған ұйымдастырушылар мойнымызға фестивальдің медалін тақтты. Талай марапатқа ие болып жүрсек те бұл медальдің құны қымбатқа түсті. Өйткені ол тап-таза маңдай тер, күйген тері, сыздаған бұлшық еттің бодауымен келді. Шыңға шығып, біраз демалған соң шаршағанымыз басылып, жан-жағымызға қарай бастадық. Енді көп естіп жүрген Әулие бастау мен оның маңындағы таңғажайып құбылыстарды да көріп кетуге аңсарым ауа қалды. Әулие бастау өткен ғасырдың 70 жылдары облыс тұрғындарына телевизиялық сигнал тарату үшін орнатылған қондырғының сәл төмен жағында екен. Тауға шыққанша қиналғанымен төмен түсу қиындық тудырмады. Тез жеттім. «Әулие бастаудың» үш көзі бар екен. Таудың қалың қыртысты жақпарынан шығып жатқан бұлақ суы тым аз болғанымен айналасындағы табиғат таңғалдырды. Бір қызығы, бұл жердегі аршалар жерге жайылып өспей, тік өседі екен. Әлемнің қанша

жерін шарлап жүрсем де мұндай таңғажайыпты бірінші рет көруім. Бұлақтан сәл төменіректегі бір шаршы метрдей жалпақ тастың үстінде расында адамның сол аяғының тасқа батып түскен суретін көрдік. Оның анықтығы соншалық, аяқтың бес саусағының табы анық көрінеді. Іздің жанында үш таяқпен шұқығандай ойық бар. Сол манды ақтарып жүріп, көптің көзіне түспеген жартақ суреттері мен белгілерді кездестіріп қалдым. Жартаққа басылған бұл сурет 1970 жылғы телевизиялық сигнал тарату қондырғысымен тікелей қатысты екені байқалады. Өйткені, бұл суретті сол кездегілер салған. Себебі, суретте көрсетілген белгілер сигнал қондырғысы мен оның айналасындағы жота-жондардың белгісі екені анық. Бұлақ суының құрамын тексерту үшін жарты литр сынама құйып алдым. Реті келсе, алдағы уақытта оның қорытындысын қосымша айтармын. Таудан төмен түсу аса қиындық тудырмаған жоқ. Жеңіл болды дей де алмаймын. Қазақтың туризм индустриясын өркендетемін деп еңбектеніп жүрген Жасұлан және қазақтың қаршадай қайсар қызы Нұриланмен мәдениет, өнер, туризм саласындағы түрлі тақырыпта әңгімелесе жүріп, межелі жерге қалай жеткенімізді білмей қалдық. Қоштасарда Жасұлан: – Аға, енді күнделікті жүгіріп, реті келсе тауға шығып тұруды әдетке айналдырыңыз, – деген інілік тілегін айтты. Бұл тілекті орындай аламын ба? Оны алдағы уақыт көрсетеді. Бірақ, балаларды осындай әдетке тәрбиелеу керегін түсіндім. Ақтекеше ауылы, Көксу ауданы

Жыр арқауы – «Jetisy»

ЖЕР ЖАННАТЫНЫҢ МАНДАТЫ

(Үзінді)

«Жетісу» бұл – мәуелі ағаш киелі, Айдың нұры, күннің көзі сүйеді. Жерұйықта тамыр тартып тереңнен, Шапағаттан жаратылған сүйегі.

Қара ормандай оқырманның тұмары, Парақтамай тарқамайтын құмары. Жықпыл-жықпыл өткелектен өткізген, Таразылап тарғыл тарих сынағы.

Кең өлкеңіз жезкізгі секілді, Алай-түлей кезеңдермен жетілді. Арпалысқан, жанталасқан заманда, Сұмдықтарды көзі көрді не түрлі.

...Бәрі, бәрі қаттаулы бет ішінде, Көз тартады періштелі пішінде. Кенересі ғасыр асқан «Жетісу» Бәз-баяғы буырқанған күшінде.

Орысбай ӘБДІЛДӘУЛЫ

✓ ҚИЫРДАҒЫ ҚАНДАСЫМ

«ОМБЫДАҒЫ ҚАЗАҚТАР»

Ұлт руханияты үшін тегін қызмет етуде



Омбыдағы 100 мың қазақтың өз газеті болуы керек деген оймен 10 студент бас қосып, 2009 жылы «Атамекен» деген газет шығара бастадық. Сол кездегі Омбы политехникалық университетінің редактор мамандығы бойынша бітірген Дастан Бейсебаевты бас редактор етіп сайладық.

каркынды дамыған заманда «Газет не үшін керек?» деген сауал туындауы мүмкін. Біз өз басылыммызда қазіргі Омбы қазақтарының тарихын жазамыз. Қандай азаматтар қай жерлерде қызмет етіп жүр? Ауылымның мақтаншытары, жастарымыз туралы, ата-әжелердің тағалымдары мен өлеңдерін басамыз. Оқырманымызды барлық жаңалықпен таныстыруға тырысамыз. Газет – ақпарат көзі. Бүгін қиындығын біз көргенімізбен ол – 100-200 жылдан кейін ұрпақ үшін қатталған тарихқа, сақталған жәдігерге айналары сөзсіз. Ең оңай нәрсе – газетті жабу. Бүгін жазып үлгермесек, ертеңгі ұрпаққа не қалдырамыз? Олар біз туралы не біледі?

Омбыда 120 ұлт тұрғанымен ұлттық газет көп емес, бірі татарша, бірі немісше, бірі қазақша. Әр ұлт өз тарихын, мәдениеті мен өнерін, әдебиеті мен рухани құндылықтарын дәріптеуді, келешекке аманаттап жеткізуді көздейді. «Омбы қазақтары» газетінде тегін еңбек етіп жүрген әрқайсымыздың мақсатымыз – ұлттық мұра-

Редакциялық алқа мүшелерінің арасында кәсіби журналист болған жоқ. Бізді тек қазақ газетін шығару керек деген ой жетеледі. Газет шығарған студенттерге айына 5000 рубль керек болды. Содан стипендиямыздың 500 рублін осы газетті шығаруға жұмсадық. Бірақ бұл біз үшін көп ақша еді. Сондықтан қаражатымыз 5-ақ нөмірге жетіп, екіншіке қарай, «Атамекен» газеті ұзақ өмір сүрмеді. Қаражаттың жетіспеуінен басылым жабылды. Газетті қайта шығару үшін көп уақыт қажет болды. Қазақ газетінің алғашқы саны 2014 жылдың наурыз айында қайтадан жарық көрді. Осы уақытқа дейін жаңа ұжым жиналды, ақсақалдардан қолдау болды. Сөйтіп, газет шығаруды жаңаша қарқынмен қолға алып, «Омбы қазақтары» деген жаңа атаумен оқырманға жол тарттық. Газет беттерінде жергілікті авторлардың түрлі тақырыптағы мақалалары, «Менің ауылым», «Ел мақтаншысы», «Қара шаңырақ», «Спорттық рух» айдарларын жүргіздік. Газет айына 1 рет шығатын болды. 2014 жылдың қазан айында «Ресей поштасымен» келісімшартқа отырып, жазылу науқанын жүргізе бастадық, жарты жылдан кейін Омбы қаласының әкімшілігінен газетімізге грант ұтып алдық. Бұл бізді шабыттандырды. Осылайша газет 2018 жылға дейін шықты. Газетке жазылатындардың аздығы өз алдына, бизнесмендер тарапынан қолдау көрсетілмей қалды. Қаражаттан қиналған соң редакция қызметін тоқтатуға мәжбүр болып, бұл істі тоқтата тұрайық деп шештік. Өйткені ұжымдағы редакция мүшелері тегін жұмыс істеді. «Дұрысы, жауып тастандар» дегендер де болды. Бір-ақ жауып тастасақ, кейін газетті қайта ашу қиын болатынын түсініп, уақытша тоқтата тұрдық. Сол кезде Максим Споткай бастаған 1 топ еріктілер осында «Замандас» газетін шығарды. Мен оларға: «2 газет шығару қиын. Жазатынымыз бір нәрсе. Бәріміз бірігіп, 1 газет шығарайық» деп ұсыныс айттым. Бірақ олар бұған аса мән бермеді. 1 жылдан соң біздің газет қай-



Подпишись в отделении ПОЧТЫ РОССИИ по Индексу ПР 779

та ашылып, керісінше, «Замандас» жабылып қалды да, онда істегендер біздің редакциялық кеңеске кіріп, жұмысымыз жандана түсті. Сөйтіп, ерекше қарқынмен, жаңа дизайнмен басында 4 бет болып шыққан газетіміз айына 1 рет 16 беттен шығатын болды. Алғашқы 1 жылда бас редактордың жұмысын Нәзия Исакова атқарды. 2021 жылдан бастап өзім бас редакторы болып еңбек етіп келемін. Бүгінгі күні редакция алқасында 11 адам тегін жұмыс жасап жүр.

Әрине, цифрлық дәуірде кез келген елдің газет саласы үлкен қиындықты бастан кешуде. Қоғам әлеуметтік желіге тәуелді болып бара жатыр. Бірақ біз оқырман тартуда аянбай еңбек етіп жатырмыз. Біздің оқырман негізінен ауылды жердің қазақтары, егде жастағы адамдар, қазақ тілінде оқу білетін, бізге хат жаза алатын жандар. Газетіміздің таралымы 2000 дана. Әрине, біз өз еркіміз жазылатындарға тартатумен шектеліп қалмай, көп жұмыс істеуіміз керек. Аукымды іс-шаралар мен концерттерде біз газетімізді сатып, «Омбы қазақтары» туралы айтып, жана оқырман тартамыз. Мемлекет тарапынан берілетін гранттарға жобалар ұсынамыз.

Технология – кез келген нәрсеге қабілетті, болжамдардан бастап, кескіндерді жасауға дейін мүмкіндігі бар. Жасанды интеллекттің нәтижелеріне қарап технологиялардың қалай жұмыс істейтінін, оның қазіргі және болашақ ұрпақ үшін әсерін түсіну маңызды.

Негізінен жасанды интеллект тәжірибе үшін маңызды. Себебі, ол мәселелерді шешуге, алдағы уақытты жоспарлауға, білім алуға, жаңа жағдайларды

мызды осындағы ұрпақтың санасында жаңғырту. Сөзімнің соңында сіздерге ақжарма тілегімді арнағым келеді. Қазақ басыпасөзінің ата-асы «Jetisy» газетіне 105 жыл толыпты. Бұл өте әсерлі кезең, тұтас бір ғасырлық тарих, тұтас бір дәуір. Газет Кеңес өкіметінің құрылуынан бергі бірнеше қоғамды бастан өткеріпті. Тәуелсіздік алғалы бергі жылдар жылнамасы жарқын жолдарға толы болғанына сенімім мол. Алар асуларыңыз биік, ата басылымның ғұмыры ұзақ болсын. Сіздерге ақ тілегін жолдаған «Омбы қазақтары» газетінің ұжымы!

Торғын МҰХАМЕДИЯРҚЫЗЫ,
заң ғылымдарының кандидаты, Ресей Журналистер одағының мүшесі, «Омбы қазақтары» газетінің бас редакторы

Жасанды интеллект күнделікті өмірде кенінен қолжетімді. Смартфондағы Алиса, Siri немесе Google дауыстық көмекші қосымшалар соған дәлел. Тағы ChatGPT, Google Bard сияқты жасанды интеллект чат-боттар қолданыста енді. Мысалы, ChatGPT немесе Алисідан ауа райын не болмаса елдің астанасын сұрасаңыз, сіз машинаның оқыту алгоритмдерінің нәтижесі болып табылатын жауаптар аласыз. Кез келген технологиялық прогрес-



Ол кезде Алматы облысы бөлінбей тұрған. Жаңа қосылған кезі десе де болады. Үйге екі газет келеді: «Жас Алаш» пен «Жетісу». Баламыз ғой, «Жас Алаштағы» тақырыптарға тісіміз батпады ма екен, көбіне «Жетісу» газетінің авторлары көбірек есте қалыпты. Студент кезімізде де Талдықорған жақтан келетін газетке бір шығуды ара-тұра ойлап қойып жүрдік, өйткені, бұл газетті біздің ауыл оқиды. Ал, сен сол газетке шықсаң, басқасын былай қойғанда, ауылдастарыңның алдында зор мақтан...

«АУЫЛЫМДЫ ҚАЛАЙ ТАНЫТТЫМ?»

Магистратураны бітіріп қарсаңда «Жетісудан» бір-ақ шықтық. Сәуірдің 23-інен бастап қарашаның 1-іне дейін «Жетісу» арқылы, басқаны қайдам, ауылдастарыма әбден «танылдым». Әрине, жазған-сызғаныңды оқиды, бірақ, менің «танылуымның» сәл басқаша мәні бар. «Жетісуда» күзде «подписка» – жазылым науқаны жүреді. Тілшілер команда-командаға бөлініп, аудандарды кезектесе аралайды. Алғашқы сапарды шалғайдағы Райымбек ауданынан бастайтын болдық. Бұл сапардың реті мынадай: алдымен аудан әкімдігіне соғып, әкіммен (әлде орынбасарларының бірімен) кездесіп, одан ары бір ауылға барасын. Бүкіл ауданды араласан не жазарыңды білмей малтығып қаласың, ал, бір ауылды таңдап алу – сәтті ойлап табылған жоба. Жоспар кезінде мен өз ауылымды ұсындым. Бірінші орынбасар Жанкүміс Жәменке миығынан күліп «сен неге өз ауылыңа тартасың?» деді. Басқа ауылдар күнде шығып жүргендей «Біздің ауыл осы уақытқа дейін бір рет те болса шықпапты» деймін. «Жазатын не бар?» «Жетеді». Мақтап тауыса алмайсың мұндайда. Меселін

қайтармайын деген шығар, ақыры басшылық мақұлдады. Бас редактордың орынбасары Жұматай Оспанұлын басшылыққа алып, Қуаныш Тұңғатар (оның да аталары сол ауылдікі) бар, тағы бір досымызды қосып алып, ауыл жаққа тартып отырдық. Мектепті аралау, Мәдениет үйіндегі кездесу, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысу... Ақыры, кеш бата кіреберістегі үлкен паркте жастарды жинап, алау жағып ұйымдастырған кеш... Ауыл тұрғындарымен кездесуде екпіндей сөйлегенім есімде. Қазір күлкілі, бірақ, ол кезде «үлкен шаруа» бітіріп жүрген (ауылымды танытып жатырмын ғой!) жас жігіт үшін бұл әрі кешірімді, әрі жарасымды деп ойлаймын. Ауылдастарым да солай қараған болар, кім біледі, әйтеуір, газеттің келесі сенбілік нөмірінің қос бетін алып шыққан Қайнар ауылы үшін кейін біраз кісілер қолымды алды. Сәл кейіндеу дәл осындай сапармен Алақөл ауданындағы Қабанбай ауылына бардық. Сондағы кездесуде ауылдың бір ақсакалы: «Біздің ауылды да анау Райымбек ауданын-

дағы Қайнар ауылы сияқты қылып шығарыңыздаршы. Тегі, сол ауылды аралап жүргендей болдық», – деді. Бұл жолғы жолбасшымыз Жәкең – Жанкүміс Жәменке болатын, «сол ауылды шығарған, міне, мына бала, жолдарыңыз болды», – деді. Бірақ, Қабанбай ауылы дәл сол деңгейде шықпады ғой деймін. Оның себебі, алдымен уақыт тарлау болды, екіншіден, мен өз ауылымды жақсы білемін ғой. Оның үстіне, аунап-қунап үш күн жаттық. Таңғы сағат 5-те тұрып, ауылдың тіршілігін сүсіртіп бақылап, түртекте түсіріп өріске мал өргізіп болған соң ғана үйге қайтқанымыз, өрістен мал қайтқан кешкі қарбаласты тамашалағанымыз бар, ауыл адамдарының мінезі бар, «бағажымыз» толып қайтқан. Қуаныш екеуміз екі жақтап, барымызды салған қосымша ғой...

«Жетісуда» жүрген кезде алғашқы кітабым шықты. Проза. Тұсаукесерін керемет қылып ұйымдастырып береміз деп жүрді ағалар. Бірақ, мен кітаптың «сигнальный» қолға тие сала Алматыға қашып кеттім. Бас редактор Жақыпжан Нұрғожаев та, орынбасарлар да жұмыста жоқ еді, арызымды жазып, қалдырдым да тайып тұрдым. Қоштасар сәтте Ришад Тұрғанбайұлы құшақтап: «Енді Нобель сыйлығын ал, жолың болсын!» деді. Оның мәнісі «мен енді бірінғай әдебиетпен айналыса, проза жазам, журналистикадан кетем» дегем. Әдебиетпен айналысуға мүмкіндік болды, бірақ, проза әзірге тоқырап тұр. Ал, журналистикадан кете алмадым. Меілі ғой, адамның дегені кейде болады, кейде болмайды, әйтеуір, «Жетісуда» бір қауым тілеулес ел бар екенін білем. Тек, облыс бөлінді, енді бұл газетті біздің ауыл оқи ма, оқымай ма, осы жазғаным оларға жете ме, жетпей ме, білмеймін...

Алмас НҮСП,
«Жас Алаш» газетінің бас редакторы

✓ «JETISY» АҚПАРАТ

ЖОБАЛАРЫ ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылындағы Г. Титов атындағы орта мектептің қос бірдей оқушысы ғылыми жобаларға арналған «Дарын» республикалық байқауында жүлдеге ие болды.

Аталған білім ұясының 10-сынып оқушылары Ерасыл Ерланұлы мен Елдар Ержанұлы 9-11-сынып оқушыларына арналған «Дарын» республикалық ғылыми жоба байқауында жаратылыстану-математика бағыты бойынша сығға түскен. Олар аудандық, облыстық жарыста қара үзіп шығып, республикалық сайысқа қатысуға мүмкіндік алған. Жақында өткен республикалық кезеңде III орын алып, облыс абыройын биік көтеріп тастады. Екі оқушының жетекшісі – Құлтай Асылбек. Ұстаз екі бірдей шәкіртінің биік белесті бағындыруы үлкен еңбек пен терең ізденістің нәтижесі дейді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Жасанды интеллекттің артықшылық па, кемшілік пе?

Жасанды интеллекттің адам өмірі үшін пайдасы: – Мәліметтерді тез арада алу; – Жаңа және инновациялық жұмыс орындар; – Қатемен жұмыс; – Медицинада жетістікке жетуіге әрі дерттерді жоюға көмектеседі. Жасанды интеллекттің теріс ықпалы: – Жұмыс орындарының азаюы; – Қымбат техника; – Шығармашылық өнердің болмауы; – Эмоцияның түбегейлі жойылуы.

• Мешке-керуен



1920 жылдың 4 қаңтарынан газеті «Ushyn» деп аталды. Бір жыл өтер-өтпесте басылым атауы «Бұқара» болып ауысты. Дәл осы атаумен газетінің 17 саны шықты.

✓ Жыр арқауы – «Jetisy» Ғасыр-ғұмыр (Үзінді)

Алдында газет жатыр – жезу жастағы, Осында – Жетісудың гүл бақтары. Осында – бүгінгінің нұрлы аспаны, Осында – кешегінің жұмбақтары. «Жетісу» деген аты қандай ғажап, Секілді сиқырлы әннің ырғақ, мәні.

Бұл газет жаратылған арлы мұңнан, Зар шеккен замананың тарлығынан. Шыңғырған, шыңдалған да, шыныққан да, Сұрынан саясаттың сан құбылған. Халықтың қасіретін, қасиетін, Табады іздегендер мәңгі бұдан.

«Жетісу» жел өтінде не көрмеген, Еріні қанша кеуіп, кезермеген. Аштық пен қуғын-сүргін, соғыс, сойқан, Зардабын шеге тұрып кемелденген. Батыр ұл, ақын ұлдың бесігі бұл – Даңқы да дараланар сол ерлермен!

Жаршысы ол – ел мен жердің қызығының, Дәм, түсі ол – Жеті өзеннің тұнығының. Жаршысы ол – Алатаудың, Ленің де, Сынышысы ол – тұтлар шығар құлынының!.. Жас кезден жырын емген, нұрын емген, Мен-дағы «Жетісудың» бір ұлымын!

Әбубәкір ҚАЙРАН,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты

✓ ТЕХНОЛОГИЯ



Уақыт деген қандай ұшқыр! «Сексенінде үй берем деп қаладан, әкім құсап сен де алдадың, «Жетісу!» – деп 80 жылдығында «Жетісуға» наз айтып, өлең арнағанымыз күні кеше ғана сияқты еді. Бүгін, міне, сол төл газетіміздің тұңғыш нөмірінің жарық көргеніне 105 жыл толуын атап өтіп жатырмыз.

Тарихымыз ортақ, тамырымыз бір

Ойлап отырсам, ес біліп, қолға қалам ұстағалы бері «Жетісумен» арадағы шығармашылық байланыс үздіксіз жалғасып келеді екен. Алғашқы, студенттік шақтағы балаң жазбаларымыз осы газетте жарияланды.

Аудандық газеттегі қарбалас күндеріміздің аяулы бір сәті де осы басылымда тасқа басылып, тарих сөресіне қойылыпты. «Орда бұзамыз!» деп желпініп, айғай-аттанға басып жүрген жалаңтөс кезімізде сол тұстағы бас редактор Жақыпжан Нұрғожаевтың бірінші орынбасары ретінде қым-қуыт газет тірлігіне белсене араласып, бел суытпай еңбек етіппіз...

Облыстар бірігіп, газет Талдықорғанға көшкенде арамыз ажырағандай болған. Уақытша, алдамшы сезім екен. Газеттің 100 жылдық тойына Астана төрінен ат арытып келіп, қуанышына ортақтастық. Өзіміз 60-қа толғанда асқарма тілегін арнап, төл газетім жарты беттік сұхбатымды жариялады...

Енді, міне, «Жетісудың» шекпенінен шыққан, отау басылым – «Алатау арайының» бас тізгінін ұстау пешенемізге бұйырыпты. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы Қонаевтың есімін иеленген Алматы облысының орталығында жаңа аймақтың жан дүниесіндегі жаңалықтар мен қуаныштарды жарияға шығаруға жаппай атсалысып жатқан жай бар.

Сөз басында айтқан «Жетісу» туралы өлеңімде басылымға «Алматыға ораласың әлі...» деген сыңайдағы тілек бар болатын. Иә, «Жетісу» Алматыға емес, Алматы облысына «Алатау арайы» деген атпен қайта оралды! Осындай шұғылалы есіммен Қапшағай көлінің жағасындағы Қонаев қаласына ордалы отауын тікті.

Жаңадан ашылған газет десек те «Алатау арайының» «Жетісумен» тарихы ортақ, тамыры бір. Ендеше «Жетісудың» тойы біздің де тойымыз!

Мерейтой құтты болсын!

Кәдірбек ҚҰНЫПШАҰЛЫ,
Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің бас редакторы

ҰЛТ ҰСТАЗЫ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде негізінің қалануы мен дамуы, ондағы термин сөздердің жасалуы, жүйеленіп, бір ізге түсірілуін айтқанда, ең алдымен, ойымызға, сөзсіз, Ахмет Байтұрсынұлы келеді. Өйткені Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясының негізін қалаушы. «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш» сияқты еңбектерінде жаңа терминдерді жасап қана қоймай, оған әрбірін мысалдар келтіру арқылы түсіндіріп, толық ғылыми корпусның негізін қалады.

Ұлт ұстазы ХХ ғасырдың басында-ақ қазақ тілінің терминологиясын жасаған кезде қазақ даласында ғылыми мектеп те, ғылыми ұғымдар мен терминдер де болмаған. Тіпті, орыс лингвистикасындағы терминжасам мәселелері нақты бір жүйеге, ғылыми қағидаларға негізделмей, енді-енді тұрақты бір қалыпқа түсіп жатқан еді. Сол себепті, Ахмет Байтұрсынұлы 2 нәрсеге ерекше назар аударды. Біріншісі – қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы негізгі ғылыми ұғымдарды зерделеп, анықтау. Екіншісі – сол ғылыми ұғымдарға атау беріп, терминдермен таңбалау. Демек, терминдерді жасау кезінде, ол тәжірибесі бойынша, ғылым ішіндегі ғылыми заттар мен құбылыстарды анықтауымыз керек. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл біліміндегі барлық ғылыми ұғымдарды жинақтап, талдап, ғылыми ұғымдардың қорын қалыптастырды. Кейін сол ұғымдардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын, ішкі-сыртқы сипаттамаларын бақылауға алып, оларға атау берген. Атау беру кезінде, яғни, жаңа терминдерді құрастыру кезінде де нақты ұстанымдарды басшылыққа алған. Мәселен, терминге берілген атаудың қысқа да нұсқа болуы, терминдік атауда қазақ тілінің заңдылықтары толықтай сақталуы, терминдік атау ғылыми ұғымның мазмұнына лайық және сол мазмұнынан толық хабар беріп тұратындай болуы керек.

патымызды, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін, тілдік заңдылықтарын сақтай отырып құрастырды. Әріптердің басын біріктіріп, жаңа лексика-грамматикалық мағына жасап шығару тікелей тілдің заңдылықтарына бағынуы тиіс.

Мысалы, бір ғана фонетикаға қатысты «буын», «дыбыс», «нүкте», «дауысты дыбыстар», «жарты дауысты дыбыс», «дәйекші», «жіңішкелік белгісі», «хәріп» сияқты термин сөздерді мектеп табалдырығын алғаш аттайтын жас балалар үшін «Оқу құралы» атты еңбегі арқылы ғылыми айналымға енгізді.

Ал өзінің «Тіл – құрал» атты еңбегінде қазақ тіл біліміне қатысты көптеген жаңа термин сөздерді жасады. Атап айтсақ, «зат есім», «сын есім», «сан есім», «есімдік», «етістік», «үстеу», «қосымша», «жалғау», «жұрнақ» деген сынды 100-ден астам ғылыми атауларды енгізіп, олардың ғылыми анықтамасын беріп, қазақ тілінің грамматикасын толық талдап берді. Ұлт ұстазының әдебиеттану саласына қосқан ғылыми ұғымдары өз алдына бір бөлек.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясының негізін қалаушы. Ол филологиялық ғылымның ғана емес, жалпы қазақ ғылымының жаңа деңгейге көтерілуіне себепші болды. Қазіргі таңда да аталған терминдердің қолданыста болуы – Ахмет Байтұрсынұлы терминологиясының өміршеңдігі мен жасампаздығы.

Ахмет Байтұрсынұлы тек бір ғана саланың емес, сұлтас бір ғылымға қатысты термин сөздерді қазақтық болмысымыз бен си-

Сымбат МЫРЗАҚАСЫМОВА,
ЖУ-дің 4-курс студенті

✓ МЕРЕКЕЛІК СҰХБАТ



Медицина қызметкерлері күніне орай облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Арман Жансеңгіровке жолығып, біраз сауал қойған едік. Жас маман саланы жақсы білетіндігін, жаңашылдығын, еңбекқорлығын, көпке жанашырлығын байқатты. Бойында бюрократтық мінездің жоқтығына қуандық. «Ұлық болсаң кішік бол» деген қағиданы ұстанатыны көрініп тұр. Мемлекеттік қызметте жаңа жүйенің қалыптаса бастағаны қуантты.

Үштөбе қаласындағы аудандық аурухананың А және В блогына және Сарыөзек ауылындағы арухананың инфекциялық бөлімшесіне және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Ескелді ауданының Жетісу ауылындағы дәрігерлік амбулаторияға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

меткерлері жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге машықтанып жатқаны рас. Атап айтқанда, онкологиялық ауруға шалдыққан науқастарға өңеш, өкпе, асқазан, тоқішек, жатыр, бүйрек, қуық катерлі ісігі кезінде лапароскопиялық оталар жасалады. Талдықорған қаласының облыстық онкологиялық клиникасының базасында

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ



Гүлжан ТҮРСЫН

– Арман Серікұлы, облыс медицинасы жайлы мәлімет бере кетсеңіз?

– Жетісу өңірінде 362 медициналық мекеме бар. Оның 314-і мемлекеттік, 48-і жекеменшік. Облыс тұрғындарына 29 аурухана медициналық көмек көрсетуде. Оның ішінде 9-ы ауылдық аурухана болса, 279-ы амбулаториялық-емханалық ұйым. Талдықорған қаласында облыстық маңызы бар 9 медициналық мекеме орналасқан. Ауруханалардағы жалпы төсек-орын саны 4620. Оның 2910-ы Талдықорған қаласындағы медициналық мекемелерде орналасқан. Аймақтағы денсаулық сақтау саласында 2 мыңнан аса дәрігер мен 8 мыңға жуық орта медицина қызметкері жұмыс істейді.

– Емдеу мекемелерінің жай-күйі жайлы айтаңыз. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев соңғы жылдары блокты-модульді емханалар салуға ерекше көңіл бөліп жатыр. Аталмыш құрылыс жылдам тұрғызылады және көп қаржыны талап етпейді. Болашақта мұндай емхана салу жалғасады ма?

– Денсаулық сақтау саласының инфоқұрылымын дамыту мемлекеттің басты назарында. Былтыр денсаулық сақтау саласында 7 нысанның құрылысы басталып, 2 медициналық мекеме салынды. Сонымен қатар, 12 блокты-модульді медициналық пункт және Сағабүйен ауылында 25 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория қолданысқа берілді. Быыл облыста 6 нысан салу жоспарланған. Олар: Сарыөзек ауылында 250 келушіге арналған емхана, Ақсу ауданы Алтынарлық ауылындағы медициналық пункт, Панфилов ауданындағы Шешін, Алакөл ауданы Қамысқала ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт және Талдықорған қаласындағы жаңа емхана. Сіз айтқандай, блокты-модульді емханалар болашақта көптеген шалғай елді мекендерде бой көтереді. Бұл – тұрғын саны аз ауылдарға тиімді. Бұрын олар жақын емханаларға баратын. Қатынастан қиналып қалатын. Қазір осындай емханаларды орталықтан алыс орналасқан елді мекендерге кезең-кезеңмен салып жатырмыз. Модульді құрауға 3 ай уақыт кетеді. Инфрақұрылым тартуға да ыңғайлы. Трансформатор қойып, су жүргізіп, сырттан бірден көгалдандырамыз. Алдағы уақытта Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Сарқан, Панфилов елді мекендерінде және Текелі қаласында 27 блокты-модульді кешен орнатылады. Сондай-ақ, Панфилов және Ескелді аудандарында блокты-модульді кешен және «Жедел жәрдем» стансысын салу жоспарда бар. Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жалғасуда, быыл Қаратал ауданының

Алдағы 2023 – 2024 жылдары «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 59 нысан, оның ішінде 15 дәрігерлік амбулатория, 39 фельдшерлік-акушерлік және 5 медициналық пункт салу жоспарланған. Сонымен қатар, аталған жоба шеңберінде халыққа уақытты, қолжетімді және сапалы медициналық көмек көрсету үшін көпсалалы орталық ауруханаларды дамыту мақсатында Панфилов ауданында ауданаралық көпсалалы ауруханасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Медицина мекемелерін жанарту жұмыстары өз кезегімен атқарылады.

– Ана мен бала денсаулығы қашанда басты назарда. Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы. Бұл орайда қандай жаңашылдықтар бар?

Быыл ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында облыстық перинаталдық орталықта ұрықты қорғау орталығы ашылды. Орталықта жүкті әйелдерге ультратұндықтық және биохимиялық скрининг жүргізіліп, генетиктер мен акушер-гинекологтар кенес береді. Пренатальді консилиумда ұрықтың даму патологиясы анықталған жағдайда оны растау үшін ультратұндықтық диагностиканың екінші деңгейі өткізіледі. Болашақта орталықта ұрықтың инвазивті пренатальді диагностикасын жүргізу жоспарлануда. Бұл хромосомалық патология диагнозының соңғы кезеңі болды. Облыста С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің мамандарымен бірге алғаш рет табиғи кесар тілігіннің модификациясы бойынша оқыту шеберлік-сыныбы өткізілді. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып осы әдісті қолданып, жүкті әйелдерді босандыру қолға алдық. Сонымен қатар, аталмыш мекемеде «Қамқорлық» ерте араласу орталығы ашылды. Орталықта невропатолог, реабилитолог, педиатр, ортопед, сурдолог, дефектолог, логопед, терапевт және балалар психологі жұмыс істейді. Орталықтың қызметі дамудың ерте кезеңдерінде 3 айдан 3 жасқа дейінгі балаларды кешенді оналуды жүзеге асырады. Онда айына 50-ге дейін баланы қабылдайды.

– Арман Серікұлы, жоғары мамандандырылған медициналық көмек жақсы жолға қойылып келеді. Біраз жаңалықтардың барын естіп жатырмыз. Осыған кенінен тоқталсаңыз.

– Облыс тұрғындарына медицина қыз-

Облыс медицинасында трансплантация әдісін қолданысқа енгізсек деген бастама көтерілді. Оны да бағындырамыз деген үміт бар. Себебі, бүгінде бүйрек, өкпе, ұйқы безі, бауыр ауыстыруға кезекте тұрғандар саны артқан. Мұның барлығы болашақтың еншісіндегі дүние. Бірақ, біздің дәрігерлердің білім-білігі трансплантация әдісін іске асыруға жетеді. Тек рұқсат етіп, қолдау білдірілсе болды. Бүгінде бюджеттен денсаулық сақтау саласына барлық жағдай жасалуда. Дәрігерлердің айлық ақысы көтерілді. Біз де сенім жүгін аркалап, халық денсаулығын сақтауға талмай, тынбай еңбектенудеміз.

● Мезгіре-керуен



1. Газеттің бірінші саны «Жетісу іші халық мұхбары» деген атпен 1918 жылдың 21 маусымында шықты. Газет араб графикасымен аттасына бір рет басылды. Газеттің алғашқы сандарынан бастап саяси оқиғалар, Бірінші дүниежүзілік соғыс жайлы материалдар, Азнамай соғысы кезінде қалыптасқан жағдайды түсіндіретін мақалалар жарық көрді. Газеттегі қысқа хабарлар қазақ, қырғыз, өзбек және татар тілдерінде беріліп отырды. Қазақша торжымалағанда «Жетісу жұмысшыларының хабаршысы» деп аталаған «Жетісу» газетінен кейінгі шықтығы биік баспаөздігі бірі салынды. Газет алғашқы сандарынан-ақ халықтың қуығын қорғап, олардың саяси сауатын ашты, жұмыла өзбек етуге шақырды. «Жетісу іші халық мұхбары» атауымен газеттің 41 саны таралды.

✓ ТУРИЗМ

Елімізде кең қанат жайып келе жатқан саланың бірі – туризм. Туризмді дамытуға мемлекет тарапынан да қолдау бар. Біздің аймақта табиғаты тамаша, келген адам тамсанып-ақ кететін орын көп. Ал сол жерге апаратын жолдың жайын, сервистік қызметтің сапасы жөнінде облыстық туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азамат Мұхаметкәрімовпен сұхбаттасқан едік.



Серік ҚАНТАЙ

ЖЕР СҰЛУЫ ЖЕТИСҮ

– Облыста туризмді дамыту үшін қандай жобалар қолға алынған? Олар қаншалықты орындалып жатыр? Жалпы осы саланың бетталысы қалай?

– Облыста туризм саласын дамыту мақсатында Алакөл көлінің жағалауында кәріз жүйесінің құрылысы, Алакөл ауданында жоғары қуатты электр беру желілерінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу, Талдықорған – Қалбатау – Өскемен республикалық автомобиль жолының қайта жаңартылуы сынды инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Облыстың туризмін дамыту мақсатында мамыр айында Сарқан ауданы Тополевка ауылының маңында «Сиверс алма ағашының гүлденуі», ал маусымда Көксу ауданындағы Актөксе ауылының маңында «Shagan Fest» тауды бағындыру фестивалі, Кербұлақ ауданы Көксу өзенінде «Koksu Water Fest» рафтингтен ашық Азия чемпионаты болды. Сонымен қатар, «ЮНЕСКО Әлемдік мұрасына» тізіміне кіретін Ешкіөлмес тауларында этнофестиваль тұрақты өтеді. Сол сияқты балалар мен жас-өспірімдер туризм бойынша «Ұлы Жоңғар Алатауы», «Ұлы Дала елі» туристік экспедициялары жүргізіледі.

– Жетісу облысы нағыз туристік мекен дегенімізбен кей жерлерге баруға жол кедергі, оған сервистік қызметтің дамуына да қоса кетуіміз керек. Бұл кедергілермен қаншалықты күресіп жатырсыздар?

– Жоғарыда айтып өткендей, қазіргі таңда Талдықорған – Қалбатау – Өскемен автожолының қайта жаңарту жұмыстары аяқталуда. Бұл жоба Алакөл көлінің жағалауына көлікпен келушілер санын арттырады. Аталған жол бойында эстакада мен санитариялық-гигиеналық тораптары бар 12 демалыс орынын салу көзделген. Сонымен қатар, Балқаш көліне апаратын Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай және Лепсі ауылы – Балқаш көлінің жағалауы облыстық маңызы бар жолдарын қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу облысына келгенде Бұрқанбұлақ сарқырамасына дейінгі жолдың қайта жаңартылуы бойынша тапсырма берген, соған орай жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталуы тиіс. Көрсетілетін қызметтердің сапасын, туристер санын арттыру үшін биыл облыстағы туризм саласының өкілдері үшін оқыту курстарын, мастер-класс пен семинарларды ұйымдастыру жоспарланған.

– Жаз шықса көпшілік Балқаш пен Алакөлге ағылады. Былтырғы көрсеткіш биыл көбейме? Адамдар келуі үшін қандай қызметтерді іске қосып жатырсыздар? Сонымен бірге облысымыздағы қысқы туризм турасында не айтасыз?

– Былтыр әкімдіктің жүргізген мониторингі бойынша Алакөл көлінің жағалауында

1,5 миллион адам демалды. Биылғы жылы да алдын ала болжам бойынша 1,5 миллион адам келеді деп отырмыз. Балқаш көлінің жағалауында туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында «Балқаш туристік-рекреациялық демалыс аймағының инженерлік-коммуникациялық желілерін салу» жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Қазіргі таңда республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне тиісті бюджеттік өтінім жолданды.

– Мемлекет көмегізсіз отандық туризмнің даму көрсеткішін қалай бағалайсыз?

– Мемлекеттің қолдауымен туризмнің дамуы ұлғайту қиын болатыны анық. Туристік нысандарға деген қажетті инфрақұрылым тартылуының өзі ауқымды қаржыны талап етеді. Айта кетсек, былтыр 1 қаңтардан бастап туризм саласында кәсіпкерлік субъекті шығындарының 1 бөлігін өтеу және субсидиялау бойынша 4 бағытта мемлекеттік қолдау шаралары күшіне енді. Туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде шығындардың 10%-ын өтеу шарасымен кәсіпкерлік субъектілері шығындарының 1 бөлігін өтеу, кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп ұстауға жұмсаған шығындардың 1 бөлігін субсидиялау, айына 83 300 теңге сомасына кә-

сіпкерлік субъектілері шығындарының 10%-ын өтеу шарасымен жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындардың 1 бөлігін өтеу, жүргізушінің орнын қоспағанда, отыруға арналған сыйымдылығы 8 орыннан асатын автомобиль көлік құралдарын сатып алу жөніндегі шығындардың 1 бөлігін туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне құнының 25%-ын өтеу шарасы. Аталған мемлекеттік қолдау шаралары туристік бизнес өкілдеріне кәсіптерін дамытуға өте жақсы мүмкіндік.

– Эко және этнотуризммен белсенді айналысқысы келетін жеке компаниялар, бизнесмендер не істеуі керек? Оларға қойылатын қандай да бір талаптар бар ма, инфрақұрылымы қандай болуы тиіс?

– Туристік индустрияның ең қарқынды дамып келе жатқан және танымал секторы экологиялық туризм. Оның дамуы «Алтынөмел» және «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық парктөрінің әлеуетіне негізделген. Ұлттық парктің негізгі көрікті жерлері – Айғайқұм, Бесшатыр қорғаны, Ш. Уәлиханов бұлағы, Ақтау және Қатутау таулары. «Алтынөмел» ұлттық паркінің аумағында экологиялық туризмді дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру жүргізілуде. Бүгінде бақылау алаңдары, беседкалар, кемпингтер, ақпараттық қалқандар, навигациялық көрсеткіштер, құрғақ санитарлық тораптар орнатылған. Визит орталығының құрылысы жүргізілуде. «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркі экологиялық туризмді дамытудың негізгі бағыттарының бірі саналады. Негізгі көрікті жер – Жасылкөл көлі. Парк аумағында теңіз деңгейінен 4622 метр биіктікті құрайтын Семов-Тян-Шанский шыңы орналасқан. Этнотуризммен айналысатын немесе жоспарлап жүрген кәсіпкерлерге өзінің арнайы жер телімі болғаны жөн. Егер ауқымды жобаны жүзеге асыру жоспарланса, облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы арқылы кәсіпкерлікті қолдау бойынша түрлі гранттарға өтінім беру мүмкіндігі бар.

✓ ЗДОРОВЬЕ

Современные методы исследования ВИЧ-инфекции

У ВИЧ-инфекции существует инкубационный период. Т.е. первые антитела можно обнаружить примерно через месяц, от момента заражения, а позднее – через три. Все это время человек может передать вирус другому, например, при незащищенном половом контакте. Обследование на ВИЧ-единственный способ узнать, есть ВИЧ инфекция или нет. В современном мире есть несколько способов определения ВИЧ.

К ним относятся:

1. ИФА иммуноферментный анализ представляет собой метод определения количества соединений, макромолекул, вирусов и других частиц, которые выявляются в результате высокоспецифической реакции антиген-антитело.

2. ИХЛА Иммунохемилюминесцентный анализ является лабораторным анализом, который сочетает хемилюминесценцию (электромагнитное излучение, вызванное химической реакцией с образованием света) с реакцией образования иммунного комплекса «антиген-антитело». Как и в случае с другими видами иммуноанализа (РИА, ИФА), в ИХЛА используются химические компоненты, которые генерируют световое излучение в результате химической реакции, например, меченные антитела. Таким образом, метод обладает высокой чувствительностью и позволяет обнаружить широкий спектр веществ белковой природы.

3. ИХА иммунохроматографический анализ метод, основанный на

разделении частиц методом парной связи и реакции между антигеном и соответствующим ему антителом в биологических материалах (моча, слюна, цельная кровь, сыворотка или плазма крови и т.п.). Данный вид анализа проводится с помощью специальных экспресс-тестов 4-го поколения, тест-полосок или тест-кассет.

Все эти методы лабораторной диагностики, позволяют обнаружить специфические антитела и антигены ВИЧ.

Обследоваться на ВИЧ-инфекцию БЕСПЛАТНО и КОНФИДЕНЦИАЛЬНО, Вы можете по месту прикрепления в поликлиниках или в центрах по профилактике ВИЧ-инфекции. Наш адрес: г. Талдықорған, ул. Медеу, 3.

Контактные номера: 8(7282) 41-60-85, 41-01-29

Гүлжан ШАРИПОВА, специалист лаборатории ГКП на ПХВ «Областной центр по профилактике ВИЧ-инфекции» ГУ «Управления здравоохранения области» Жетісу»

Хабарландыру

«ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ Алматы облыстық филиалы ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес, 2023 жылғы 27 маусымнан бастап, 20 жұмыс күні ішінде, бірінші экологиялық порталда (Ecoportal.kz) «Республикалық маңызы бар «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» 287 – 1073 шақырмының, 480-515 шақырым автомобиль жол учаскесін қайта жаңарту» жұмыс жобасы бойынша Жетісу облысы Алакөл ауданы аумағынан 3,7934 гектар жерлерді орман қоры санатынан басқа санаттағы жерлерге ауыстыруға қатысты жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні хабарлайды.

Бірінші экологиялық порталы сайтында (Ecoportal.kz) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады және барлық ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.


Объявление

Алматын облыстық филиал АО «НК «ҚазАвтоЖол», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 27 июня 2023 года, в течении 20 рабочих дней, на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будет проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения, касающиеся перевода 3,7934 га земель расположенного в Алакольском районе области Жетісу из категории лесного фонда в земли других категорий по рабочему проекту «Реконструкция участка автомобильной дороги республиканского значения «Талдықорған – Қалбатау – Усть-Каменогорск» км. 287-1073, участок км. 480-515».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) для предоставления замечаний и предложений.



Межіре-керуен



1922 жылдың 18 тамызына қазіргі «Jetisy» газеті «Міші» деген атпен жаралды. Газеті «Міші» айлауна ие болған жылдары Алаш аристарының идеясына келіп отырған Берді Аманжол Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Тілеу Шәкерімов, Сәкен Сейфуллин, Бөкейбай Маймыл, Ораз Жанғосов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Айтмұратұлы, Мақжан Жұмабаев сынды азаматтарымыз арсаған Алаш аристарының өлең, өзіміне, публицистикалық мақалалары көп кейіпте бүркешілік сезіммен басшыны ойғады.

«Міші» газеті араб әрпімен шыққан ел соңғы апталығы. 1935 жылдан бастап Жетісу өлкесінің жарышы «Спаниш қызы» деген атпен шыққан, кейінінен қызыл әрпімен шықты.

✓ Жыр арқауы – «Jetisy»

АБЫЗЫМ (Үзінді)

«Жетісу» – талбесігі таланттардың, Таңданып шежіренің сан ақтардым. Газетің ойы кемел, сөзі көркем, Сүйініп келбетіңе қарап қалдым.

Уақыттың маңдайында сыналғансың, Қазақтың тайы озса да қуанғансың. Ақиқат алдаспанын шыңдағанда, Шыңдықтың қайнарына суарғансың.

Газетің бар саладан сыр ұқтырған, Кездесем кенішіңе тұнып тұрған. Ұстазың оқырманды тәрбиелеп, Қоғамның талқысында шыңықтырған.

«Жетісу» – берекелі шаңырағым, Санам орнықтырдың ел ұранын. Әр саның шығып жатқан маған қымбат, Көзіме көрінбесең сағнамның.

Тілеужан ӘБШЕВА, ардагер ұстаз, Ү. Алтынсарин төсбелгісінің иегері

Батық МӘЖИТҰЛЫ, ҚР Мәдениет қайраткері

✓ КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

Әр адамның өмірі жазылмаған тарих. Өткен жылдар біз үшін тарих болса, жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие мектебі. Өйткені, өткенсіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ. Сондықтан бәріміз мәнді өмір сүруге талаптанамыз. Туған жердің гүлденуі үшін, отбасымыздың бақыты үшін, жарқын болашаққа жету жолында талмай-тынбай еңбектеніп келеміз.

Ұстаздарымызға әлі де амандасып, құрмет көрсетіп келіп тұрамыз. Біздің замандастар өте білімді мұғалімдерден білім, тәлім алдық. Олар Кәкім Байғамытов, Батырбай Мұстафин, Секербек Жаналин, Мақұлбек Қосанов, Кенжеғайша Смағұлова, Маймуна Боранбаева, Зейнетай Исатова, тағы басқа мұғалімдердің ізгі ниеттері әлі күнге дейін көз алдымызда. Бұл ауылдан КСРО халық әртісі, композитор Мұқан Төлебаев, КСРО халық әртісі, композитор Еркеғали Рахмадиев, КСРО халық әртісі Бекен Жылысбаев, Қазақстанның халық әртісі, әнші Сара Тыныштығұлова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Кәдірбек Демесінов, Қазақстанның еңбек сіңірген қоғам қайраткері, орталық комитетте бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған Әбіләкім Әубәкіров,



«Үлгінің» үлгілі түлектері

Біз Талдықорған облысына қарасты Бөрлітөбе ауданы, «Үлгі» ұжым-шарында өсіп, ержеттік. Қазір ол елді мекен «Мұқан Төлебаев» деп аталады. Өйткені бұл жер қазақтың дарынды ұлы, композиторы Мұқанның туған жері. Біздің ауылымыз Балқаш көлінен 18 шақырым жерде орналасқан.

медицина ғылымының докторы Берік Салханов, әскери полковник Қахарбек Жабықбаев сынды елге танымал, беделді азаматтар түлеп ұшқан қасиетті жер.

Біз Үлгі орта мектебін 1963 жылы бітірген түлекпіз. Қарап отырсақ, 1963 жылы мектеп бітірген 36

ұл-қыздан 12 адам қалған екенбіз. Яғни, 24 адам о дүниелік болған... Көбі жоғары оқу орнын бітірген, отбасын құрып, қоғамда өзіндік орнын тапқан жандар еді. Міндетіміз – сол жандарды еске алып, Құран бағыштау. Қайтыс болған ұстаздарымызға да Құран бағыштадық.

Естелік суретке түсіп, бір-бірімізге тілектер айтып, біраз шүйіркелесіп қалдық. Бір жағынан, мектеп бітірелі көп жыл өтті ғой, тосырқау да бар. Шынын айтсақ, кейбірін мектеп бітірелі көрмеппіз. Халық әні 16 қыздың қайырмасындағы қыздардың атының орнына сы-

ныптың қыздарының аттарын қойып әзіл ретінде айтып, оған да біраз қуанып қалдық. Сыныптасымыз Мырзахан Әкімбековтың інісі Әділхан, зайыбы Сағина екеуі 60 жылдан кейін кездескен құрбы-құрдастардың басқосыны одан да жандандырып, ән арнап, татулығымыз үшін құрмет көрсетті.

Осы кездесуді ұйымдастыруға атсалысқан Қахарбек Айтқалиұлы, Мырзахан Қадыкөкұлы, Зәкен Жиенбаеваға алғысымыз шексіз. Құрдастарымызға рахметімізді айтамыз.

Ауылдың қым-қуыт тірлігіне пісіп, шынығып, өмір жолына аттанған кластастар өз бағыттарынан айныған жоқ. Адал еңбекпен бүгінгі күнге абыроймен жетті. Өмірлері ұрпаққа үлгі. Осы бас бірлігіміз бен ел-жұртқа деген құрметімізді өсіп, ержетіп келе жатқан кейінгі жастар үлгі етсе екен дейміз. Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілерге жол көрсетті. Киелі топырақтан өсіп-өнген жастардың біздің жолымызды қуатынына сенім мол. Ал сыныптастарыма айтарым, бейнеттің зейнетін көріп, бақытты гүмір кешейік.



105

Jetisy жыл

Бүгінгі «Jetisy» ұжымы



ҚОС ҒАСЫР ҮНІ АСҚАКТАЛДЫ... (Шалқыма)

үшін тырыстық, алапат соғыс кезінде сарқылған күш пен ырыс-құт, сонау бір сұрқай кезеңді қалыңқа құйдың күміс қып, батырлардың жігерін жалын сөзімен тым ыстық, сен емес пе ең деген, аталы оймен жебеген, жазуы жауһар – «Jetisy»!

Тың игердік, тер төктік, Желтоқсанда тоң боп қатқан боздақ құшып, шер төктік, азаттық деген гасырлық ет жүрекке дерт ектік, еркіндіктің жолында намыс отын өртептік, міне, осындай кезеңде тарихын жазып шып-шымыр, 30 жылды тағы да сен зерледің ертең қып, айналайын, «Jetisy»!

Қасиетті басылым, ардақтым нәм асылым, сен қазақпен қуандың, сен ұлтыңмен мұңайдың, қасиетіңді тізбелеп қандай бір толғам құрайын, мұқым қазақ данасы саған тартса қаламды. мұқым Алаш баласы саған тартса қаламды – ол да сенің айбының мен аймауыт асыл, шырайың, тағы бір ғасыр парағын 5 жыл бұрын айқарған, «Jetisy»-дың беделін биік етші, Құдайым!

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Кеудесіне Алаштың нәрі тамған басылым, тамырында қазақтың зары қалған басылым, тағдырына ұлтының алаң болған басылым, қан-қасапта ел рухы саған қонған, басылым, тарихың боп түзілді аршындаған гасырың, жамалыңда сыр менен мұң жатпаған жасырың, шырқай бер, тағы қос гасыр, құндылығым – асылым!

105 жылғы тарихты қаттап жазған сен едің, қос гасырдың бар сырын екішедің де еледің, қандай бір қиын заманда қайыспаған бел

едің, сұрқай-сүрдек шақтарда тартылмаған көл едің, мұқым қазақ баласын азаттыққа бастаған, күллі түркі еліне ортақ туған «төл» едің. Сенің асқақ жолыңа болмай тұр-ау теңерім.

...Ала боранда адасқан, абадан, арлан – текті едім, жанарда жасын ойнатсам ұйысқан бұлтты көктемдім, қақпанда қалған тірсекті шайнап тастап, ақсаңдап, қағардың иісі аңғыған апаныма беттедім, сол рухымды қаз-қалты шежіреңе қаттадың да беттедім.

Түйір дән таппай талмарға, суалған көздің қиығын салғанда салқам заңғарға, аң қуып түскен ағарға, сонау бір ашаршылық жылдары ар-

манды жалғап арманға, ел басындағы нәубетті қаламнан қан саулатып, күйінші отын лаулатып, сен жаздың жылап – «Jetisy»!

Арысымды қаралап, ақ жүректі жаралап, қуғынға әбден алғанда, сүргінге сұрқай салғанда, қорғасын оққа таңғанда, қара жердің сусыны қызыл қанмен қанғанда, адыра қалып арман да, зарлы әуенге салғанда, Ілияс, Сәкен, Бейімбет – Үш бәйтерек семгенде, Бес Арыстың қолыңа қорғасынмен қырқылып, манат белім қолғанда, сен жаздың зарлап – «Jetisy»!

Әлемнен кетіп тыныштық, нешеме жылдар ұрыстық, өңмендеп келген фашисті, тойтару



«JETISY» ЖАЗҒАН ЖАМПОЗДАР

Jetisy – әлемдік деңгейде танылған таланттардың мекені. Оларды халық алақанына салып аялап, төбесіне көтеріп мақтанып жүреді. Осы ретте «Jetisy» газеті өз өңірінен шыққан өрендерді назардан тыс қалдырмай, жетістікке жету жолын жазып, аламанда атой салғандарды жарқырата көрсетіп келеді. Спорттағы шын – төрткүл дүние бас қосатын Олимп ойындары. Біз өз кезегімізде әр жылдары газет бетінде жарық көрген Олимпиададағы жетісулық спортшылардың елеулі жеңісіне шолу жасамақпыз.

Әр Олимпиаданың жөні бөлек, тарихы терен. Қанша талантты спортшыларымыз жаһан жарысында кара үзіп шықты, әдіс-тәсілімен дараланды. Олимпиадаға қатысқан да, жүлде алған да тұңғыш қазақ Ғұсман Қосановтан (1960 жыл, Рим; жүгіруден эстафеталық жарыста күміс алды) бастап бүгінге дейін талай қазақтың баласы Олимп төрінде ел намысын абыроймен қорғады. Ел тарихы үшін елеулі болған даталарды «Jetisy» газеті қалт жіберген емес. Мәселен, 1972 жылы Мюнхенде болған ойындарда баскетболдан СССР құрамасында ойнаған Әлжан Жармұхамедов қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы болды. Дәл осы сәтте газетіміз ұйымдастыру комитетінің қатысушыларға арналған арнайы хабарламасынан бастап, әр сәттен хабар беріп, жабылу кешін де кеңінен жазған. Совет Шиманбаевтың талдау материалдары үзілмеген.

Одан кейінгі елеулі оқиға 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасында Жақсылық Үшкөмпіров, Шәміл Серіков,

Серік ҚАНТАЙ

Серік Қонақбаевтың жұлдызды сәтін газет айрықша берген. Олимпиада басталмас бұрын қатысатын 8 қазақстандық спортшыға ақ жол тілеп, суреттерімен орналастырған. Өтеген Оралбаевтың «Желбірейді жалаулар» атты рухты өлеңі, қосымша қазақ даласындағы шопан, ғалымның спортшыларға деген пікірі жарияланған. Тұғырдағы тарландар жөнінде Орал Қаймирасов «Шәміл ерледі» деп сүйіншілессе, Жаксылық Үшкөмпіров жөнінде Т. Мәденов «Алтын кілт» ұстаған азамат» тақырыбында очерк жазған. Осындай келелі жазбалар газетіміздің бетінен еліміз егемендік алып, Олимпиадаға Тәуелсіз мемлекет есебінде қатысқаннан кейін де үзілген жоқ.

1996 жыл. Атланта Олимпиадасы. «Jetisy» газеті Маулен Мамыровтың әр жаттығуын жігі бақылауда ұстайды. Олимпиадаға барар тұста халықтың үмігін арқалап бара жатқанын баса айтады. Еркін күрестен 52 келіде күрескен Маулен 3-орын үшін белдескенде Ре-

сейдің атынан шыққан Чечен-оол Монгушты жеңіп, мойнына қола медаль таққан сәтте де жерлестерінен сүйінші сұраған «Jetisy» газеті.

Қазақтар атой салған сын – Сидней Олимпиадасы (2000 жыл). Газет «Сидней төрі табысты болғай!» деген тілекпен бір бетті толық арнайды. Одан кейінгі жаңалықтар ел ішіне тек қуанышпен өрліп отырды. Өмірзақ Жолымбетов, Болат Қабдешұлы жазған жазбалардан жеңіске толы қуаныштың лебі еседі. Ал газетіміздің сол кездегі меншікті тілшісі С. Шәріповтің «Өкінішке ұласқан қуаныш» атты мақаласы ерекше назар аударғты. Дзюдодан қола медаль алған алақолдік Айдын Сұмағұловтың бұл жетістігі жөнінде автор «Өкініштісі... Айдын байрақты бәйгеге Қазақ елінің атынан емес, Қырғызстаннан түсті. Осы орайда еліміздің жаттықтырушылары Қазақстан байрағын биікке көтеретін белді балуандарды неге дұрыс таңдамайды деген өкініш өзекті өртейді. Осыдан біраз жыл бұрын алақолдік балуан Сержан Омаров республика құрамасына кіре алмай,

дүниежүзілік додада түркімен елінің намысын қорғап, қоладан алқа тағып еді» дейді.

Одан кейін 2004 жылы Афины Олимпиадасы болды. Жетісудан 7 спортшы қатысты. Газет ұжымы әрқайсысына тоқталып, қарсыластарын айтып, шағын таныстыру мақаласын ұйымдастырды. Ал дода қарсаңында газет бетіне Болат Қабдешұлы «Ауыр атлетикадан үміттеріміз. Үштөбелік штангашы Сергей Филимоновқа елжұрты үлкен сенім артып отыр» деген талдау материалында жетісулықтың күш-қайратын бағамдап, серіге және жұлқа көтерудегі шеберлігін ашып жазады. Артынша ел үмігін ақтап күміс медаль алған Филимонов жөнінде Қараша Қараман «Сенім артқан Сергей, Жігіт жоқ-ау сендей» деген тақырыппен тебіреніске толы жазба ұсынады.

Көптің есіне қалып, айрықша өткен Олимпиаданың бірі – Қытай астанасы Бейжіңде 2008 жылы болған жарыс. Әдеттегідей Олимпиада алдында спортшылар жөнінде көптеген мақалалар жазылып, олардың шеберлігі сараланады. «Жетісудың олимпиадалық үміті» деген айдармен жазылған материалда Нұрбақыт Теңізбаев турасында сөз болады. Спортшының «Еншімді алуға тырысамын. Биыл бабым да жақсы, өзіме деген сенімімде де селкеу жоқ» деп айтқанын газет бетінен көруге болады. Нұрбақыт жүлделі болған сәтте «Жаркенттен түлеген тастүлек» тақырыбымен арнайы материал әзірленіп, онда әкесі мен жақындарынан да пікір беріледі. Сол бетте ерекше көзге түскен сұхбат дзюдодан күміс медаль алған жетісулық Асхат Жіткеевтің әке-шешесімен болған сұхбат.

Лондон Олимпиадасы. «Желбіресін кәрі құрлық төрінде, Қазағымның қыран құсты байрағы». 2012 жылы «Jetisy» газетінің дода алдындағы тілегі. Өңірімізден Олимпиадаға 5 ұл, 5

қыз қатысты. Жарыс алдында Ришад Тұрғанбай «Үкілеген үш қыз» деген тақырыппен Светлана Подобедова, Майя Манеза, Зүлфия Чиншанло үшеуі жөнінде талдау жазды. Онда үшеуінің басты қарсыластарын атап, үш қыз қай тұста олардан басым екенін көрсетеді. Одан кейінгі газеттерден «Шаттықтың мөлдір тамшысы. Осы біздің Зүлфия», «Елімнің үшінші алтыны. Оны қоржынға Майя Манеза салды» деген сүйінші хабарларды көруге болады. Ал жалпы Олимпиаданы қорытындылап, алтын алғандар жөнінде, қазақ спортшыларының жетістігі турасында «Jetisy» газеті тарихта «Жетісу-Спорт» деген төрт беттік ішкі газет болып шықты. Бұл да бір тарих! Ал 2016 жылы Риода болған Олимпиадadan сол жерден арнайы «Jetisy» газеті үшін Несіп Жүнісбайұлы қызмет істеді. Газетке тұрақты материалдар берді.

Токиода өткен Олимпиаданың алтынсыз аяқталғаны әлі де еске түссе еңсе түседі. Бұл жарыстың алдында жетісулықтардың басты үміті Игорь Сон мен Зүлфия Чиншанло еді. Екеуі де үмітті ақтады. Бұл турасында Олимпиада қарсаңында Айдар Қалиев материал жазып, Үштөбедегі ауыр атлетика мектебінің қуатын көрсеткен. Айыптаулар мен шектеулерден кейінгі Чиншанлоның спорттық дайындығын жазған.

Аламан алдында шеберлігі мен дайындығына, ақылы мен айласына қарап бір-біріне бас айтып, үлкен үміт арту қазақтың қанында бар. Олимпиада алдында «Jetisy» газеті тұрақты түрде өз өрендері жөнінде жазбалар жазып, оның жаттығуын қадағалап, әр ісін халыққа жеткізіп отырды. Бұл үрдіс әлі де жалғаса бермек. Осыған дейін олжалы болғандардың бастау бұлағы болған газет әлі талай жампоздың жарыстан жүлделі оралуына тілекші болмақ.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Jetisy» облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Меншік иесі:
ШЖҚ «Jetisy Медиа» МКК
Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71
Бас редактордың орынбасары:
Жұматай ӘМІРБЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінің 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8 708 442 43 76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990
«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
Тапсырыс — 716
«Jetisy Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 20 100, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 13 015. Индексі — 65469.